


ЖЫЛ БЕДЕРІНДЕ ҚЫЗЫЛОРДАДА НЕ ӨЗГЕРДІ?

Сарқылмасын Сыр - Ана!



ЖАҢАРҒАН "ПРЕЗИДЕНТ ПАРКІ"



Құрылыс алаңына айналған Қыхыдорда қаласында толымды тірлік көп. Қаланың қай аумағына барсаңыз да, қарқынды жұмыстың куәсі боласыз.

Сыр шаһарында сәт сайын жаңа ғимараттар бой түзеп, қала келбеті өзгеше сипатта өріліп келеді. Тұрғын үй, әлеуметтік орындар, білім спорт ғимараттарының сап түзеп жатқаны күнделікті көз алдымызда көрініс тауып жүр. Бұған қоса көпшілікке арналған мәдени-демалыс орындарын заман талабына сай жаңғыртып, безендіру жұмыстары да назардан тыс емес. Биыл ғана қалалық демалыс паркінің тотықуша таранып, қайта жаңғыртудан өткізіле бастағаны осы сөзімізге толық дәлел. Сол сияқты қала аумағындағы демалыс орындарының көпшілігі жаңарған кейіпке еніп жатыр.

Сондай орынның бірі – қаладағы Президент атындағы парктің қайта жаңғыртудан өткізіліп жатқаны көпке мәлім. Құрылыс жұмыстарының қарқынына қарап, бұған дейін елеусіз қалған саябақтың сәні мен салтанаты келісетін сәті жақын қалғаны байқалады.

Жалпы паркті абаттандыру жобасын «Bi Global» ЖШС қарқынды түрде жүзеге асырып жатыр. Мәліметке сәйкес, саябаққа 3 аллея, 6 субұрқак, 5 амфитеатр, 7 балалар ойын алаңы, 4 спорт және 4 workout, 7 демалыс аймағын салу жоспарланған. Бұдан өзге 4 фудкорт, теннис үстелдері, биіктігі 50 метр болатын айналымалы дөңгелек аттракцион, би алаңы, стритбол, вело және жүгіру жолақтары салынатын болады. Саябақты қайта жаңғырту жұмыстары мұнымен тоқтамайды. Сол сияқты сахна, сарқырама каналдары мен көпірлер, шахмат, баскетбол және футбол алаңдары, арқан саябағы мен модульдік санитарлық нысандар бой түзейтін болады.

- «Саябақ көп жылдан бері көзден таса қалып, жетіміңнің күйін кешіп тұрған демалыс орны болатын. Биылғы парктің қайта жаңғыртудан өткізілуі көптің талабымен ұштасып жатыр. Қазіргі таңда қыруар шаруаны көріп, көңіл тояды. Алдын ала белгілі болғандай, бұл орында көптеген демалыс, ойын-сауық орындары, тұрғын үй кешендері, қонақ

үй ғимараты мен мәдени нысандар бой түзейтіні айтылып жүр. Соған орай қаламыздың көрікті орындарының қатары көбейіп жатқанына қуаныштымыз. Бұл парк қала халқы үшін келешекте демалып, мерекелік шараларды өткізуге таптырмас орынға айналатынына күмән жоқ. Құрылыс қарқыны бәсеңдемей, еселі еңбектің өтеуі қайтып, ел ісілізін көретініне сеніммен қараймыз. Осынау игі жобаны жүзеге асырып жатқан жеңашыры жандарға ризашылығымыз шексіз», - деп қала тұрғыны Сапармен Ерімбетов шынайы алғысын білдірді.

Қала әкімдігінің айтуынша, бұл орында жыл он екі ай жұмыс істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері мен Ботаникалық білім беру орталығының да іргетасы қаланып жатыр. Аталмыш құрылыс алаңында бас мердігер «Alem Quryls AQ» ЖШС жобаға сәйкес спорт блогын, іс-шараларға арналған event-аймақ, тұрғын корпусстар, қонақ үй үлгісіндегі шағын ғимараттар салу жоспарланған. Мұнымен қоса дәстүрлі киіз үйлер, ашық бассейн, стадион, футбол алаңы және сахна орнатылатын болады.

Парктің қысқаша тарихына тоқталар болсақ, демалыс орны 2007 жылы ел игілігіне пайдалануға берілген болатын. Жалпы аумағы 64,5 гектарды құрайды. Алайда саябақты қайта жаңғырту жұмыстары көп жылдан бері өздігінен сұранып тұр. Өйткені әу бастан паркте балалар ойын алаңы, демалу орындары, жарықтандыру және халық қажеттілігін туғызатын тағы басқа да олқылықтар менмұндап тұрды. Соған сәйкес Президент паркінің ат шаптырым аумағын қайта жаңғыртуға бағытталған тың жобаны жүзеге асыру бастамасы көптің көңілінен шығып тұрғаны аңғарылады. Осы арқылы халық қажеттілігін туғызған кемшіліктер толық ретке келтіріліп, паркті жайлы, заманауи демалыс орнына айналдыру көзделіп отыр.

Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарын жүргізу қарқыны бір сәтке де назардан тыс қалған емес.

Ербакыт ЖАЛҒАСБАЙ

“САБАЛАҚ” ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ

Көгілдір отынның көп қажеттілігін түсінген ел-жұрт кей елді мекенге газ жетемін дегенше тағатсыздана күтіп, шыдамсыздық танытып жүр.

“Сабалақ” елді мекені қала іргесіндегі саяжай болғанымен соңғы уақыттары ауылдардан көшіп келген, немесе қаладағы көп қабатты үйлерден жерге түскен жандардың жаз жайлауы, қыс қыстауына айналды. Бүгінде “Сабалақ” елді мекенінде халық саны жыл сайын артып, жаңа тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар салынууда. Бұл – бір жағы.

Бүгінде ойын-сауық, демалыс орындарын ашып, табыс табамын деген кәсіп иелері үшін де “Сабалақ” саялы жер болып тұр. Саяжайға қиреберіс жолдары теп-тегіс көше, жарығы бар, аяқ су, ауыз суы бар мекен, расында да қызылордалықтар үшін жаз бойы тынығу, демалыс аймағы. Мұнда бір емес, бірнеше су бассейндері бар демалыс орындары орналасқан. Әрі саяжай иелері қала базарларын табиғи кеміс, көкөніс өнімдерімен қамтамасыз етіп отыр. Мал ұстауға да қолайлы.

“Сабалақ” тұрғындары негізінен үкіметтен жәрдем күтпей, өз күндері өздері көріп жүрген тұрғындар. Олар үшін қыс қазы көмір тасып, отын бұтап, от жағу, әрине қала іргесінде тұрып, өте қиын тірлікке айналғаны да рас.

Соңғы 3 жылдың ішінде “Сабалақта” 5 млрд. теңге жуық қаржыға ауқымды инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылды.

Жергілікті билік жол, ауыз су желісін тартып, бірқатар көшелерге жарық жүргізіп, қоғамдық көлікті реттеп қойғанымен, тұрғындардың табиғи газға деген сұранысы күн тәртібінен түскен емес. Тіпті, кейбіреулер жергілікті биліктің кемшілігін тауып, мінеу үшін де “Сабалаққа” газ керектігін сөзге арқау ететіні де жасырын емес.

“Сабалақ” тұрғындарының мәселесіне жігі қараған аймақ басшысы халықтың сұранғысын қанағаттандыру мақсатында тиісті құлаға мәселені жедел шешу туралы тапсырма беріп, демеушілік есебінен 53 млн. теңгеге газға металық құжаттама әзірленді. Нәтижесінде, республикалық және облыстық бюджеттен жобаны жүзеге асыруға 3,2 млрд. теңге бөлініп, 2024

жылы елді мекенді газдандыру жұмыстары басталды.

Мердігер мекеме «Сырэнергогазстрой» ЖШС арқылы 3 кезеңнен тұратын жоба аясында 100 шақырымға жуық газ құбыры тартылып, 1 газ реттеуіш пункті мен 5 шкафты газды реттеу пункті орнатылды.

Қазіргі таңда пайдаланушы мекемелер тарапынан тексеру және қабылдау жұмыстары аяқталып, елдімекенге жеткізуші газ құбыры жоғары қысымды газ желісіне қосылды. Жыл соңына дейін барлық жұмыстар аяқталып, 1670 абонент көгілдір отынға қосылуға қол жеткізеді.

Аймағымызда 2021 жылдың соңында газдандыру деңгейі 67 пайыз болатын. Атқарылған



ауқымды жобалардың арқасында 2022-2025 жылдар аралығында 63 млрд. 600 млн. теңгеге 77 жоба жүзеге асырылып, биыл облысымызда газдандыру көрсеткіші 83 пайызға жетті.

“Сабалақ” елді мекенінің тұрғыны Өтембетов Бакберген:

– Облыс, қала әкімшілігінің бастамасымен, қолдауымен “Сабалақ” халқына біраз жылдан бері күткен көгілдір отын келді.

Көгілдір отын – осы уақытқа дейін қаншама жылдар бойы “Сабалақ” тұрғындарының аңсаған армандарының бірі еді. Бүгінгі күні осы

көгілдір отын келетін құбыр тартылып, газдың алды келіп жатыр.

Көгілдір отын әкелуге көп жұмыс жасаған мердігер мекеме жұмысшыларына, басшыларына да рахмет айтамыз. Халыққа көмір әкеліп жеткізудің өзі оңай болған жоқ. Кешегі күнге дейін жол жағдайы өте қиын болды. Елді мекендегі көшелерге де бірте-бірте жарық тартылып, киыршық тастар төселіп, бір жобаға келіп қалды. Халықтың еңесі көтеріліп қалды. Енді осы тұрғанда қуанғаннан айтарға сөзіміз жоқ. Көп іс атқарылды.

“Сабалақ” елді мекенінің тұрғыны Бекенов Есенгелді:

– Үш-төрт жылдан бері ертең, арғыкүні

болады деп күткен газымыз елді мекенге кірді. Облыс, қала әкімшілігіне рахмет айтамыз. Халықтың қамын ойлап, жүгіріп жүрген еңбектері қайтты.

Жылдан жылға “Сабалақ” өзгеріп келеді. Бұрын ештеңе жоқ, әр жерде 3-4 үй еді. Қазір қалың ел болды. Көшелерге тас төселді, жарық жүріп жатыр. Мұның бәрі әкімшілік жігіттерінің көп жүгірген еңбегінің арқасы деп түсінемін. Енді газ келіп, көмірден, күлден құтылып, келіндеріміз, қыздарымыз қуанып жатыр. Осыған атсалысқан жандардың бәріне рахмет.

Сыр елінің бас шаһары Қызылорда қаласының кешегі мен бүгінгі жағдайын салыстыруға келмейді. Ғасырлық тарихы бар көне қаланың көркінен көп өзгеріс байқауға болады. Жыл санап ауқымы кеңейіп, сәні мен салтанаты келіскен сол жағалаудағы жаңа қаланың айшықты келбеті осы сөзімізге айқын дәлел.

Соңғы жылдары тарихы тереңнен тамыр тартқан Сыр шаһарының дамуында тың серпін байқалады. Қалада мемлекеттік бағдарламалар мен инвестициялық жобалар сәтті жүзеге асырылып, әлеуметтік-экономикалық көрсеткішінде өсім қалыптасқан. Өсіресе, қала бюджеті екі есеге артып, кірістер жоспары артығымен орындалған. Бұл, өз кезегінде салық базасын ұлғайтып, кірістерді арттыру бағытында жасалып жатқан жемісті жұмыстардың нәтижесі.

Жыл басында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қызылорда өңірінде жүзеге асқан маңызды жобаларға ерекше тоқталып, макроэкономикалық көрсеткіштердің оң серпінін айқындағаны көпке мәлім. Бұл жетістіктер – ел Президентінің нақты тапсырмаларының, Үкіметтің жүйелі қолдауының, облыс басшысының ұтымды үйлестіруінің, халықтың ауызбіршілігі мен ортақ жауапкершілігінің айқын көрінісі деп айтуға толық негіз бар.

Жалпы аймақ басшысының тегеурінді тапсырмасымен облыс көлеміндегі барлық салада өсім қалыптасты. Бұл тұрғыда облыс орталығы – Қызылорда қаласының үлесі басым.

Тарқатып айтар болсақ, Қызылорда қаласында кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту бағытында жүргізілген жүйелі жұмыстар нақты нәтижелерге арқау болып отыр. Нақтысы әрбір мемлекеттік бағдарламалар мен қаржылық қолдаулар тұрғындардың іскерлік белсенділігін арттырып, кәсіпкерліктің көкілегін кеңейтіп келеді. Бұл тұрғыда өңір экономикасын әртараптандыру арқылы жоғары өнімге қол жеткізіп қана қоймай, экспортқа бағдарланған шикізаттық емес өңдеу өнеркәсібін құруға бағытталған жұмыстар кезең-кезеңімен атқарылууда.

Жыл бедерінде облыс орталығында қала әлеуетін, даму бағытын айқындайтын маңызды шаралар өткізілді. Соның ішінде ағымдағы жылдың 7-8 шілде күндері Қызылорда қаласында алғаш рет «Қызылорда - Ұлттық Урбан Форумы 2025» халықаралық деңгейде ұйымдастырылды. Бұл – біздің қаламыз үшін ғана емес, бүкіл еліміз үшін маңызды оқиға болғаны белгілі.

Аталмыш форум жұмысына біріккен ұлттар ұйымының UN-Habitat (Үн-Хабитат) ұйымы, Қазақстандағы біріккен ұлттар тұрақты үйлестірушісі, Парламент депутаттары, орталық мемлекеттік органдар, еліміздің барлық өңірлерінің өкілдері, халықаралық және ұлттық сарапшылар қатысты.

Ауқымды шараға қатысушылар экологиялық тепе-теңдік, қалаларды ақылды басқару, инклюзивті әрі климатқа төзімді инфрақұрылым қалыптастыру, тұрғындардың өмір сапасын арттыру мәселелерін талқылады. Осы арқылы нақты шешімдерге жол бастайтын стратегиялық платформа қалыптасты. Форум аясында облыс әкімі мен Экология және табиғи ресурстар министрі, Парламент Мәжілісінің депутаттарының қатысуымен құны 34,5 млрд. теңге болатын Оңтүстік Корея технологиясына негізделген қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау және өңдеу зауытының негізі қаланды. Сондай-ақ, 5 млрд. теңгеге салынған «Қызылорда Саз-М» крпіш зауыты іске қосылып, алғашқы



өнімін шығарды. Зауыт жылына 90 млн. кірпіш өндіреді, 70 адам жұмыспен қамтылды. Сол сияқты ірі жобалар қатарында – «SevenRiversBottlers» ЖШС-нің шыны ыдыс шығаратын және испаниялық RocaGroup компаниясымен бірлескен санитарлық-техникалық жабдықтар шығаратын зауыттары бар. Бұл бастамалар – экологияны жақсарту, өндірісті қалдықтарды тиімді басқару және жасыл экономиканы қалыптастыру жолындағы нақты әрі нәтижелі қадам ретінде бағаланып отыр.

Осы орайда айта кететін тағы бір маңызды мәселе, қала аумағында құрылған “Қорқыт ата” экономикалық аймағының стратегиялық маңызы зор. Бұл шешім биылғы мамыр айында Үкімет қаулысымен бекітілгені мәлім. Соның негізінде облыс орталығында көлемі 550 гектар болатын жаңадан арнайы экономикалық аймақтың пайда болуы халықтың ертеңге деген сенімін еселейтүскені байқалады. Арнайы экономикалық аймақта авиацияға қызмет көрсету мақсатында 50 гектар, көтерме бөлшек сауда мен қоймалауға 100 гектар, өнеркәсіптік мақсатта 400 гектар аумақ игерілуде.

Жоспарға сәйкес 2049 жылға дейін бұл аймаққа тартылатын инвестиция көлемі 156 млрд. теңгеге, оның ішінде шетелдік капитал 88 млрд. теңгеге дейін жетеді деген жоспар бар. Ал өндірілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі 527,1 млрд. теңгені құрайды деп күтілуде.

Келешекте арнайы экономикалық аймақта арнайы құқықтық режим қалыптасып, салықтық және кедендік жеңілдіктерді қамтиды. Инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасап, өңірдің экономикалық дамуына серпін береді деп күтілуде.

Сол сияқты қаланың ауыл шаруашылығы саласында да ілімді істер көп. Салада ірі жобалар сәтті жүзеге асырылып келеді. Сонымен қатар қала аумағында жұмыссыздық деңгейін төмендету, тұрғындарды баспамен қамту бағытында да толымды тірлік байқалады.

Тұрғын үй мәселесіне келсек, биыл да қала аумағында тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан дайын пәтер сатып алу жұмыстар жалғасын тапты. Атап айтқанда, 2025 жылы Сырдария өзенінің сол жағалауында бес қабатты 10 тұрғын үйдің құрылысына облыстық және қалалық бюджеттерден 2 млрд. 886,4 млн. теңге бөлінді. Сонымен қатар халықтың әлеуметтік осал топтары үшін коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алуға тиісті қаржы көздері қаралып, жоспарлы жұмыстар жүйесін тапты.

Бұған қоса биыл «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы мен «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде атқарылған шаруалар да ширақ. Сол сияқты елді мекендерді көгілдір отынмен қамту бойынша да еселі еңбектің лебі еседі. Соның ішінде қала іргесіндегі Сабалақ саяжайын газға қосу жұмысы сәтті жүргізіліп жатыр. Көп ұзамай ел игілігін көреді деп күтілуде. Сонымен қатар қала аумағындағы Қызылөзек және Қызылжарма ауылдық округтерінің елді мекендерінде газ құбырын тарту жұмыстары да назардан тыс қалмады.

2-бетте

ЖЫЛ БЕДЕРІНДЕ ҚЫЗЫЛОРДАДА НЕ ӨЗГЕРДІ?

Негізінен қаланың экономикалық қарқынын, әлеуметтік келбетін, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруда жол-көлік инфрақұрылымын дамыту жоғары маңызға ие. Бұл тұрғыда ағымдағы жылы көлік инфрақұрылымын дамытуға 23,2 млрд. теңге бөлініп, ұзындығы 61,9 шақырымды

қорының қолдауымен денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы қарқын алды.

Құрылыс алаңына айналған Қызылордада атқарылған маңызды жобалар мұнымен шектелген жоқ. Ағымдағы жылы еңселі облыстық тарихи-өлкетану музейі ел игілігіне табысталса, Қазақстан

және тұрғындар үшін әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, өмір сүру ортасын қалыптастыру бағытында жүйелі, әрі ауқымды шаралар қолға алынды. Нақты айтқанда, биыл қаладағы 3 демалыс орны жаңғыртылса, құны 6,3 млрд. теңгеге қалалық мәдени-демалыс паркі



құрайтын 64 жоба жүзеге асырылып жатқаны жария болды. Нәтижесінде облыс орталығының негізгі көшесінің бірі – «Тәуелсіздікке 25 жыл» даңғылы жаңғыртудан өткізілсе, бірқатар көпірлер мен Жанқожа батыр көшесі бойымен ететін теміржол асты өткелінің құрылысы қарқын алғаны мәлім.

Дерекке сәйкес бүгінде облыс орталығында 81 мыңнан астам көлік тіркеліпті. Бұл қалада соңғы үш жылда көліктер санының 6 мыңға көбейгенін көрсетеді. Соған орай қала көшелеріндегі жол желісін кеңейту қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жол ашатыны сөзсіз. Бұған қоса жаяу жүргіншілер жолы мен жарықтандыру, тұрғын үй ауаларын абаттандыру мен ойын алаңдарын салу бағытында да атқарылған істер ауқымды.

Халық қаулашілік қоғамдық көлік мәселесінің оңтайлы шешімін тапқанына қуанып жүр. Қазіргі таңда заманауи үлгідегі 30 автобус арнайы бекітілген 32 бағыт бойынша тұрғындарға сапалы қызмет көрсетіп келеді. Бұған қосымша 100 экотакси қызметі қосылып, қызылордалықтар сұранысын толық қамтамасыз етті деп айтуға болады.

Сырдың білім саласында да тың серпін бар. Оның ішінде Қызылордада “Жайлы мектеп” Ұлттық жобасы және өзге де бағдарламалар шеңберінде бірқатар білім ошақтарының берілуі балалар үшін теңдессіз тарту болды. Сонымен қатар спорттық нысандардың да саны арта түсті. Атап айтқанда, халықаралық стандарттарға сәйкес 11 мың орындық Орталық “Қайсар Арена” стадионы пайдалануға берілсе, 19 млрд. теңгеге «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы, сол жағалаудан «Қазақстан халқына»

халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай «Қазатомпром» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының қолдауымен 3 млрд. 800 млн. теңгеге «Достық үйінің» жаңа ғимаратының құрылысы қарқын алды. Сол сияқты қаламыздың Сұлтан Бейбарыс көшесі мен Назарбаев даңғылы қиылысында «Көрме залы» орталығының құрылысы, бір ауысымда 100 келушіге арналған емхана, онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы халық игілігіне қызмет етеді деп күтілуде.

Ең бастысы, Мемлекет басшысының, Үкіметтің тікелей қолдауымен, облыс әкімінің үйлестіруімен 215 млрд. теңгеге қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жаңа жылу электр орталығының құрылысы жүргізіліп жатыр. Бірегей жоба инвестор – «Акса Энерджи» түрік компаниясының ықпалымен қарқын алды. Жаңа станция облыс орталығын жылумен, аймақты электр энергиясымен толық қамтамасыз ететін болады. Өндірілген электр энергиясының артылған бөлігін өзге өңірлерге сатуға мүмкіндік мол. Сонымен қатар Президентіміздің қолдауымен Қызылорда қаласын ыстық сумен қамтамасыз ету жобасы сәтті басталды. Жалпы құны 26 млрд. 200 млн. теңгені құрайтын бұл жоба шеңберінде I кезең бойынша 2024 жылға 11 млрд. теңге бөлінсе, 2025 жылға II кезең бойынша жоспарлы жұмыстар жалғасын тауып жатыр.

Мемлекет басшысының бастама-сымен өткен жылы іске қосылған «Таза Қазақстан» ұлттық экологиялық жобасынан қызылордалықтар да қалыс қалған жоқ. Экологиялық жоба шеңберінде өңірімізде санитарлық тазалықты сақтау, абаттандыру

қайта түледі. Сол сияқты Қорқыт ата атындағы саябағы көркейтіліп, Тұңғыш Президент паркі жаңарған кейіпке еніп жатыр.

Сыр елінің бас шаһарындағы жылдың басты жаңалығы ретінде Қызылорда қаласының Астанасы болғанына және «Қазақ» атауының қайтарылғанына 100 жыл толуын ерекше атап өтуге болады. Бұл жалғыз Сыр өңірінің ғана мерейтойы емес, тұтас ұлт, мемлекет тарихындағы маңызды оқиға саналады.

Соған орай алдын ала мерейтойды кең көлемде атап өтудің тұжырымдамасы мен іс-шаралар жоспарының жобасы әзірленді. Соның негізінде мереке күндері түрлі өнер байқаулары, спорттық сайыстар, жылжымалы көрмелер, мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылды. Қызылорда қаласының 100 жылдық жылнамасы, шежірелі фотосуреттер, бейнесюжеттер дайындалды.

Негізінен ғасырлық тарихы бар Қызылорда қаласы ағымдағы жылы маңызды жобаларды жүзеге асыру арқылы болашағын айқындап, нақты мақсатпен ала қадам басқаны аңғарылды. Еселі еңбектің нәтижесінде Сыр шаһары тарихы терең, мәдениеті бай өңір ғана емес, серпінді даму жолындағы аймақ орталығы ретінде өзге өңірлерге үлгі болды.

Қарқында даму жолына түскен Қызылордада қыруар шаруа мұнымен шектелген емес. Алдағы жылға әлі де атқарылуы тиіс ауқымды міндеттер мен тың жобалар тізбектеліп тұр. Жергілікті жұртшылық алдағы жыл енішінде де қаланың қарқынды даму жолындағы маңызды міндеттер мүлтіксіз орындалатынына зор сеніммен қарайды.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОР - ЖАҒЫМСЫЗ ҚҰБЫЛЫС

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі негізгі проблемалармен қатар өткір тұр. Сыбайлас жемқорлық-бұл үнемі мұқият зерделеуді, жүйелі көзқарасты, кешенді және жедел қарсылықты қажет ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы. Еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономикалық дамуды тежейді, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді және еліміздің имиджін төмендетеді.

Қазіргі әлемде сыбайлас жемқорлық кез-келген қоғамда, кез-келген мемлекетте орын алады. Оның мүлдем жоқтығын айта алатын елдер жоқ.

Әлемнің барлық мемлекеттері сыбайлас жемқорлыққа тап болады. Сонымен қатар қазіргі жағдайда сыбайлас жемқорлық біртіндеп мемлекетішілік проблемадан жаһандық проблемаға айналуда. Қазір барлық елдер, соның ішінде ең озық елдер, жаңа сын-қатерлерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің өз үлгілерін қайта қарауда, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті қатаңдату туралы жаңа заңдар мен нормаларды қабылдауда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жыл сайын Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында жарияланады. 2023 жылғы 01 қыркүйекте Президент өзінің «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» Жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барлық бағыттар бойынша жаңа серпін беру қажеттігін атап өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте әрекетсіздік азаматтардың наразылық сезімдері мен құқықтық нигилизмнің өсуіне әкеледі.

Біздің мемлекет сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде. Біздің елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілгендіктен, сыбайлас жемқорлық көріністерінің жолын кесу және шектеу бойынша қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп үлкен жұмыс жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлықпен күресудің маңызды әдістерінің бірі-моральдық тарап үлкен рөл атқаратын заңды сақтау. Өйткені тәкаппар адам заңдарды бұзбайды. Жалпы айтқандай, егер сіз әлемді өзгертіңіз келсе, өзіңізді өзгертіңіз. Бұдан шығатыны, егер әрбір азамат әрқашан өзінен бастаса, мысалы, өз міндеттерін адал және әділ орындаса, онда сыбайлас жемқорлық азаяды. Осылайша, сыбайлас жемқорлықты жою үшін бүкіл қоғам күресуге тиіс. Сонда ғана біздің еліміз сыбайлас жемқорлық жоқ әлемдегі мемлекеттердің біріне айналады.

Ш.Ә. ӘБДІРАХМАНОВ
Қызылжарма ауылдық округі әкімі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС — МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТЫ

Сыбайлас жемқорлық – бүгінгі таңда көптеген елдерде кеңінен бел алып қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндірген қылмыстың бірі. Оның кез-келген көріністері қоғамның барлық саласына өзінің келенсіз әсерін тигізеді. Ал осы көріністерді туындатқан салдарлар мемлекеттік үдерістің қарышты дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, сондай-ақ мемлекет билігінің беделіне нұқсан келтіреді.

«Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» КММ сыбайластық сипатындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында бірқатар шараларды жүзеге асыруда.

Әкімдік ғимаратында сенім телефоны және әрбір кабинетке қазақ және орын тілдерінде «Пара берсең, жазаланасың» тақырыбымен түрлі-түсті паракшалар мен арыз-шағым жәшігі ілінген.

Өз тарапымынан сыбайластыққа бой алдырмау бойынша апта сайын өтетін аппарат жиынында ескертіліп, қызмет барысында және қызметтен тыс уақытта сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тақырыбымен аппарат қызметкерлері арасында жемқорлықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

Барлық қызметкерлер Әдеп Кодексі мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер туралы нормаларын қатаң сақтауда.

Тасбөгет кенті әкімі аппаратының әлеуметтік желі паракшасында 2024-2025 жылдар аралығындағы жасалған ішкі талдау жарияланды. Есептегі уақыт аралығында әкім аппаратында сыбайлас жемқорлық тұрғысында құқық бұзушылықтар болмаған.

Әкім аппараты мамандары халыққа мемлекеттік қызметтердің электрондық түрде қолжетімділігі жөнінде кеңінен насихаттауда. Бұл да белгілі бір дәрежеде сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың жолы болып табылады.

Ертенгі болашағы үшін алаңдайтын әрбір саналы азамат жемқорлықты ауыздықтау ісінде өзінің жеке үлесін қосқаны абзал.

ТЫНЫШТЫҚБАЙ Айдын Маратұлы
Тасбөгет кентінің әкімі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСКЕ БІРІГЕЙІК

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу және ашу болып табылады.

Осы тұрғыда ҚР-ның мемлекеттік саясатының бірі – осы ідетпен күресу үшін Қазақстан Республикасының тиісті Заңдары, стратегиялар, нормативтік құқықтық актілер қабылданып келеді. Бұл бойынша елімізде тиісті жұмыстар атқарылып жатыр, дегенмен мәселе түбегейлі шешімін тапқан жоқ.

Сыбайлас жемқорлықпен күресудің тиімді қадамы–сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға басымдылық беру. Отанға деген патриотизм, жанашырлық таныту - сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бастауы және қоғамда азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырулары қажет.

Бұл бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің келесідей қабылданған шаралары жүзеге асырылып келеді:

«Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР Заңына сәйкес – Мемлекеттік қызметке орналасуға байланысты шектеулер, мемлекеттік қызметке орналасу барысында азаматтардың теңдей құқықтылығы, ашықтылығы белгіленген. Бұдан басқа мемлекеттік қызметшілердің Ар-Намыс Кодексі қабылданған.

Сонымен қатар апаратқа қол жетімділік – интернет ресурстарын қалыптастыру; сенім телефондары, веб-сайттар арқылы кедергісіз ақпарат алу; мемлекеттік қызметтерді алуды қиындататын әкімшілік кедергілерді жою; мемлекеттік сатып алуды автоматтандыру (бюджет қаражатының ашық және тиімді ігерілуіне ықпал етеді); мемлекеттік органдарының қоғамға есеп беруі; маңызды мәселелерді қозғайтын шешімдерді қабылдаған кезде мемлекеттік аппараттық қызметінде: азаматтық бақылаудың және қоғамдық пікірді ескеру; мемлекеттік кәсіпкерлік қызметке қатысуын қысқарту және т.б. көптеген шаралар жүзеге асырылады.

Қабылданған нормативтік құқықтық актілер нақты әрбір азаматпен орындалып, мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірігіп, әрекет етуі қажет.

АХЕТОВ Еркін Абдрахманович
Қарауылтебе ауылдық округі әкімі.

АҒАШ КЕСУ ЖӘНЕ ОРМАН БИЛЕТІН БЕРУ

«Ағаш кесу билеті мен орман билетінің нысандарын, оларды есепке алу, сақтау, толтыру және беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы №18-02/40 бұйрығына өзгерістер енгізілді. «Ағаш кесу және орман билетін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) мемлекеттік орман неленушілерге (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) орман билетін алу үшін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне не www.egov.kz «электрондық үкімет» веб порталы (бұдан әрі – веб-портал) және ағаш кесу билетін алу үшін «Табиғи ресурстардың интерактивті картасы tabigat.gov.kz ақпараттық жүйесі веб-порталы (бұдан әрі – веб-порталы) арқылы өтініш береді.

Өтініш көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы берілген кезде оның көшірмесінде күні мен көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі қызметкерінің тегін көрсете отырып қабылданғаны туралы белгі қойылады. Портал және табигат порталы арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» нәтижені беру күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі. Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны

мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы не жеке кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы, бюджетке орман пайдалану үшін төленгені туралы мәліметтерді, көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы алады. Көрсетілетін қызметті алушы сағат 17.00-ден кейін немесе Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау келесі жұмыс күнімен жүргізіледі. Порталда және табигат порталында өтінішті қарау нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылып, электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бісембаева Гулнәзия Бісембайқызы
«Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеме» КММ-сінің орман пайдалану инженері

2026 жылғы—I тоқсандағы Аламесек ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі

№	Елді мекен атауы	Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның Т.А.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6	7
1	Есет батыр ауылы	Тажибасев Даулеткерей Уразбекович	Аламесек ауылдықокругі әкімі	Сәрсенбі, жұма 10.00 ден 12.00-ге дейін	Есет батыр ауылы, КӨбішов көшесі №26 үйі	8(724-31)34-3-03

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді	ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49 Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Тапсырыс	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1			
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11			
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН				

«ТАҒЗЫМ» – ТАЗАЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Қалада орналасқан ескерткіштердің тазалығының да өзіндік орны бар. Соның ішінде «Тағзым» алаңының мағынасы зор. Мұнда келген әрбір тұрғын ерлікке тағзым етіп, отансүйгіштік деген қасиетке тәнті болады.



Олар да жас болды. Бойларында жас қайрат тұнып тұрды. Отан оларды ел қорғауға, бауырмалдық борышын өтеуге шақырды. Орындалмаған армандары қалды... Отбасы болсам, жар сүйсем деген мақсаттарына жетпеді. Бірақ, олардың ерліктері, есімдері мәңгілікке ел есінде.

Қызылорда қаласындағы «Тағзым» алаңы – ұлы рухтың ұлық орны. Мұндағы Тәжікстан-Ауғанстан шекарасын күзеткен, Ауғанстан соғысына, Чернобыль апатын жоюға, Семей атом полигонына қатысқан азаматтарға арнап қойылған ескерткіш көпшілік үшін ерлік ескерткіші саналады. Бұл ескерткіштер мемлекет қарауына алынған.

Ескерткіштердің тазалығы, «Тағзым» алаңының көгалдандырылуы, абаттандырылуы қаланың коммуналдық қызметі үшін осында есімдері жазылған ерлердің алдындағы тірілердің парызы десе де болады. «Тағзым» қай кезде де тазалықтың, әдеміліктің үлгісі. Мұнда серуендеуге, ескерткішке тағзым етуге келгендер алаңның тазалығына жауапты мекеме қызметкерлеріне, қала билігіне қай кезде де риза.

ТІЛ ЗАҢДЫЛЫҒЫ – БАРШАҒА МІНДЕТ

Қайсыбір кезеңде болмасын жарнама – бизнес катализаторы, сауда құралы. Сондай-ақ ақпарат көзі. Ал, екі жағына бірдей жарнама жапсырылған қала көшелеріндегі билбордтар қала сәні, көше келбеті. Одан бөлек әрбір сауда,

асхана, тағы да басқа кәсіп нысандары кіреберісіндегі, маңдайшаларындағы жарнаманың “тілінің” де өз заңдылығы бар.

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі қоғамдық даму бөлімімен бірлесіп, Қызылорда

қаласындағы бірқатар жарнама агенттіктеріне түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Аралау барысында «Қазақстан Республикасын-дағы Тіл туралы» және «Жарнама туралы» заңдарының талаптарына сәйкес, көрнекі ақпараттардың

дұрыс рәсімделуі, мәтіндердің орфография нормалары мен мемлекеттік тілдегі сауатты жазылуы түсіндірілді.

Бұл жұмыстар қала аумағындағы жарнама мен көрнекі ақпараттардың заңнамаға сәйкес болуын қамтамасыз етуге бағытталған.



ЖАРЫҚ ҚЫЛМЫСТЫ АЗАЙТТЫ

Қараңғылық қамытында қалған қала көшелерінде бүгінде жарық шамдары жарқырайды. Бұрынғыдай түнде жүру қорқынышты емес. Ұрыларға серік болатын қараңғылықта талай қылмыстың, ұрлықтың, тонаудың орын алғаны ескі қылмыс хроникаларында сайрап жатыр. Бүгінде қалада қылмыс, оның ішінде ұрлық, тонау азайды десек, оған осы көше жарықтарының сеп болғанын жасыра алмаймыз.



Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатовтың тапсырмасына сәйкес түнгі рейд жұмыстары ұйымдастырылуда. Мақсат - қала көшелеріндегі түнгі жарық шамдарының үздіксіз жұмыс істеп тұруын қамтамасыз ету.

Аралауда қала көшелеріндегі түнгі жарық шамдары тексеріліп, анықталған ақаулар бойынша “түнгі жарықты” күтіп ұстайтын мердігер мекеме «Ақнұр Авто» ЖШС-не тапсырма беріліп, кемшіліктер дер кезінде қайта қалпына келтірілді.

Айта кету керек, қала көшелеріндегі жарық бағаналарының қалыпты жұмыс жасап тұруы тұрақты бақылануда.

РЕЙД КЕМШІЛІКТЕРДІ РЕТТЕЙДІ

Сырдың бас шаһары Қызылорда қаласының жыл сайын қарыштап даму үдерісі күнделікті көз алдымызда көрініс беріп келеді. Көк желекке көмкерілген көрікті көшелер, қызылды-жасылды жарықшамдар, өсем де заманауи зәулім ғимараттар осы сөзіміздің айқын дәлелі.

Сырдария өзенінің шығысынан батысына дейін жағалай қоныстанған құтты мекенде қарқынды даму процесі үздіксіз жүргізіліп жатыр. Сүйікті қаламыздың тәуелсіздік жылдарынан бергі даму тарихы мен әлеуметтік-экономикалық реформаны тереңдету бағдарламасын жүзеге асырудағы жүйелі жұмыстары оң өзгерістерге жол ашты.

Биыл ғана ғасырлық ғаламат тойын өткізген Сыр шаһарына келген көптеген қонақтар қаланың қазіргі келбетіне тамсанып, оң бағасын беріп жатты. Бұл да осынау өтпелі кезеңде қала өмірінде көптеген оң өзгерістер орын алғанын аңғартса керек.

Өрине, қай кезде де жетістіктермен қатар, кемшіліктер де бой көрсетіп тұратыны заңдылық. Дей тұрғанмен, күнделікті қала тұрмысын, ірілі-ұсақты олқылықтарды қалпына келтіруді қатаң бақылауда ұстап, ұдайы мониторинг жұмыстарын жүргізу кемшіліктерді рет-ретімен шешуге жол ашатыны сөзсіз.

ҚАЛА ТАЗАЛЫҒЫНА ТӘРТІП ҚАТАЛ

Қала келбеті бірінші кезекте сыртқы бейнесі мен көше тазалығына тікелей байланысты. Тазалық демекші, соңғы кездері өңіріміз тазалығы жағынан еліміз бойынша көш басында тұрғаны көңілге мақтаныш сезімін ұялатады. Көрші облыстардан келген қонақтар мен жолай өткен жолаушылар қаламыздың тазалығына қызыға қарап, тамсанып, сырбойылықтардың ұқыптылығына үздік баға беріп жатқаны көңілге қуаныш, бойға жігер сыйлайды. Бұған дейін Қызылорда десе аптап ыстық мен аңыззақ желі көз алдына елестейтін өзге өңірдегі ағайындардың да көзқарастары өзгере бастағаны байқалады. Бұл бірінші кезекте еселі еңбек пен жүйелі жұмыстардың нәтижелі жемісі деп айтуға толық негіз бар.

Дегенмен де, бүгінгі жетістігімізге тоқмейілісіп, ертеңі күнімізге жауапкершілік танытпауға әлі ерте. Алда қыруар шаруа, жарқын болашаққа жол ашатын жүйелі жоспарлар тізбектеліп тұр. Соған сәйкес, жүйелі жұмыс пен табанды тәртіп бір сәтке де толас-тамауы тиіс.

Бұл тұрғыда Қызылорда қаласы әкімінің тарапынан жоспарлы жұмыс-

тарды жүйелі жүргізу қатаң сұралады. Оның ішінде қала орталығының сыртқы бейнесін сақтау, тазалық талаптарын ұстану жоғары маңызға ие. Соған орай арнайы топ рейд жұмыстарын үздіксіз жүргізіп тұрады.

Бұл жолы қала орталығының сыртқы бейнесін сақтау мақсатында арнайы жұмысшы топ кезекті рейд жүргізіп, жетістіктерге оң бағасын берсе, кемшіліктерді қалпына келтіруге қатал тәртіп қойды. Оның ішінде тексеру барысында бірқатар нысандар маңына заңсыз қоқыс тастау секілді тәртіп бұзушылықтар бой көрсетіп қалды. Мұндай келеңсіздік орын алған нысандарға ескертулер беріліп, хаттамалар толтырылды. Олқылықтарды заң аясында жедел шешуге талап қойылды.



Атапайтқанда, рейд барысында қала аумағындағы «Шиска» кафесі, «Бумер Сервис», «Бункер Kiver Club», сол сияқты бірнеше асхана аумақтары мен «Blade Barbershop» нысандарындағы кемшіліктер көзге ірікті. Аталмыш нысан иелеріне нәтижелі сыртқы бейнесі қала көркіне кері әсер ететіні кеңінен түсіндірілді. Кемшіліктерді қалпына келтіру талабы қойылып, әрдайым өздеріне тиесілі аумақты таза ұстау талабын сақтау қажеттігі ескертілді.

Сонымен қатар, Жұмысшы топ өкілдері қаланы аралау барысында А.Пушкин, Т.Жүргенов, Ғ.Мұратбаев пен А.Иманов және Ж.Қызатов көшелерінде тазалық тәртібін сақталмағанын анықтады. Яғни, аталмыш көшелерде тазалық тәртібін сақтамай, құрылыс қалдықтарын жол бойына тастау фактілері әшкереленді. Соған орай тазалық талаптарын бұзған үй иелеріне ескерту жасалып, заң аясында хаттамалар толтырылды.

Кезекті рейд барысында қаладағы Т.Есетов көшесі бойындағы тұрғын үй қақпасына ілінген тозығы жеткен

билборд назарға алынып, жол бойының сәнін қашырып тұрған сыртқы жарнама дереу алынып тасталды. Сондай-ақ, заң бұзушылыққа жол берген бірнеше тұрғын үй, құрылыс материалдарын бей-берекет тастап, жаяу жүргіншілер жолын бөгеп, көріз құдығының бетін ашық қалдырып, балалар өміріне қауіп төндірген жағдайлар белгілі болды.

Жалпы қала аумағында сыртқы келбетін сақтау бағытындағы бақылау шаралары үздіксіз жүргізіліп келеді. Әрбір рейдте жұмысшы топ кәсіпкерлер мен тұрғындарға қала аумағында тазалық сақтау шараларын, тұрмыстық қалдықтарды арнайы орындарға шығару және абаттандыру талаптарын орындаудың маңыздылығын кеңінен түсіндіреді.



МАЛ БАЗАРЫНАН МАЗА ҚАШТЫ

Қала аумағындағы мал базарына қатысты мәселе де көпті толғандырып тұр. Нақтысы, КБИ мөлтек ауданында орналасқан «Булан» мал базарындағы келеңсіздіктер халық тарапынан жиі көтеріліп келеді. Жергілікті жұртшылықтың шағымы әкімдік назарынан тыс қалмай, соған орай арнайы рейд те ұйымдастырылды. Бұл жолғы тексеру жұмыстары көптеген кемшіліктердің бетін ашып, тұрғындар талабын еселей түсті.

Негізінен аталмыш мал базарына қатысты халықтың шағымдануына бірнеше себеп бар. Алғашқысы, мал базарының ветеринариялық-санитарлық нормаларға сай келмейтіні сөз болса, келесі аталмыш орынның тұрғын үйлермен жақсарлас орналасуы, төрт түлікті тиеген жүк көліктерінің тұрғындардың мазасын алуы және көлік кептелісінің орын алуына себеп болуы тұрғындарды ашындырып тұр. Соған орай халық тарапынан мал базарын

қаланың сыртына көшіру бойынша талаптарын қоюда.

Рейд барысында базар маңына жиналған халықтың қарасы қалың болды. Жергілікті жамағат жұмысшы топқа базарға қатысты базынасын жайып салды. Тұрғындардың айтуынша, елдің тыныштығын бұзған жүк көліктеріне қатысты түйткілден өзге, жаз айдарында кененің шамадан тыс көбейіп, әсіресе балаларының қауіпсіздігіне алаңдайтынын тілге тиек етті. Сондай-ақ, өкпені қабатын күлімсі иістен ала жаздай терезелерін ашып отыруға мәжбүр болатынын жеткізді.

«Күн жылынып, жер қарағаннан жайбарақат тұрмыс кешуді ұмыт-тың. Ала жаздай күлімсі иістен тұншығамыз. Тереземізді ашуға мүмкіндік болмай қалды. Оның үстіне көше бойына шашылған мал тезегі мен сабан қалдықтарынан аяқ алып жүре алмайтын күйге жеттік. Жұбайым да мүмкіндігі шектеулі жан. Сасық иістен оның да денсаулығы сыр беріп, жедел жәрдем қызметіне жиі жүгінетін болдық. Жағдайымыз қиындап кетті. Бұл мәселе жедел шешілсе нұр үстіне нұр болар еді», - деп мұның шақты қала тұрғыны Жорабек Маткосов.



Негізінен санитарлық-эпидемиологиялық талап бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын сату нысаны тұрғын үйлерден 300 метр қашық орналасуы міндеттелген. Бұл тұрғыда «Булан» базарының бұл талап үдесінен шықпайтыны айтпаса да түсінікті. Сондықтан базарды қауіпсіз аймаққа көшіру қажеттілігі өздігінен сұранып тұр.

Өз кезегінде қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Мейрамбек Әжібеков халықтың шағымы назардан тыс қалмайтынын, базарды көшіруді тиімді тетіктері қарастырылатынын тілге тиек

болды.

Рейд барысында жұмысшы топпен кездескен базар бастығы Қылышбек Күзембаевтың да өз айтары бар екен.

«Негізі бастапқыда базардың орналасқан орны санитарлық талапқа сай болды. Мал базары жұмыс істеп тұрған алғашқы кездері тұрғын үйлер бұл жерден 300 метр қашықтықта болатын. Бірақ кейіннен базарға жапсарласа үйлер салына бастады. Жалпы қазірдің өзінде бұл аумақ халқының көпшілігі осы жерде мал базарының болуына қарсы емес. Сөзімен дәлел ретінде, қолымда тұрғындардың құжат түрінде берген келісім қағаздары да бар», - дейді базар бастығы.

Бір қызығы, тұрғылықты халықтың пікірі де екіге бөлінді. Бірі мал базарының шет аймаққа көшірілуін талап етсе, кейбіреулер атасынан бір мәрте ашылатын базардан нәпақасын тауып отырғанын жеткізіп, өзге жерге көшірілуін қолдамайтынын жеткізіп жатты. Әсіресе, қарсы тарапта малды бордақылап, базарға саутумен айналысатын кәсіпкерлердің үлесі басым.

Аталмыш жағдайға байланысты жұмысшы топ базар әкімшілігіне талаптарға сәйкес жұмыс жасауды түсіндірді. Дегенмен халықтың базынасы назардан

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА ПӘТЕРЛЕР, ТҰРҒЫН ЕМЕС ҮЙ-ЖАЙЛАР МЕНШІК ИЕЛЕРІНІҢ КӨППӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙДЕ ЛИФТІЛЕРДІ ЖӨНДЕУГЕ ЖӘНЕ АУЫСТЫРУҒА, КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚШАНЫ ҚАЙТАРУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы “Тұрғын үй қатынастары туралы” Заңының 10-3-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына, Қазақстан Республикасы “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Заңының 31-бабы 1-тармағының 16-5) тармақшасына сәйкес, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қызылорда қаласында пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің көппәтерлі тұрғын үйде лифтілерді жөндеуге және ауыстыруға, күрделі жөндеуге байланысты ақшаны қайтаруын қамтамасыз ету қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі	Н. АХАТОВ
<i>Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы «_____» _____ № _____ қаулысына 1-қосымша</i> Қызылорда қаласында пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің көппәтерлі тұрғын үйде лифтілерді жөндеуге және ауыстыруға, күрделі жөндеуге байланысты ақшаны қайтаруын қамтамасыз ету қағидалары 1-Тарау. Жалпы ережелер	

1. Осы Қызылорда қаласында пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің көппәтерлі тұрғын үйде лифтілерді жөндеуге және ауыстыруға, күрделі жөндеуге байланысты ақшаны қайтаруын қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының “Тұрғын үй қатынастары туралы” Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-3-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және Қызылорда қаласында пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің көппәтерлі тұрғын үйде лифтілерді жөндеуге және ауыстыруға, күрделі жөндеуге байланысты ақшаны қайтаруын қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) басқарушы компания – жасалған шарт негізінде кондоминиум объектісін басқару жөніндегі қызметтерді көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

2) дауыс беру – келу тәртібімен өткізілетін жиналыста ерік-қалауын ашық білдіру арқылы немесе жазбаша сұрау жүргізу арқылы жүзеге асырылатын, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға байланысты шешімдерді, сондай-ақ орынтұрақ орындары, қоймалар меншік иелерінің орынтұрақ орындарын және қоймаларды күтіп-ұстауға байланысты шешімдерді қабылдау процесі. Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелері келу тәртібімен немесе жазбаша сұрау жүргізу арқылы өткізілетін жиналыста тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілері арқылы дауыс бере алады;

3) жай серіктестік – Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалатын бірлескен қызмет туралы шарт негізінде әрекет ететін заңды тұлға емес;

4) кондоминиум объектісі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтұрақ орындарынан, қоймалардан және дара (бөлек)

меншікте болмайтын және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі ортақ мүлктен тұратын біртұтас мүлктік кешен;

5) кондоминиум объектісін басқару – пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің қауіпсіз және жайлы тұруына (болуына) жағдайлар жасауға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін тиісінше күтіп-ұстауға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалану мәселелерін шешуге және коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынуға бағытталған іс-шаралар кешені;

6) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтұрақ орындарынан, қоймалардан және ұялы байланыс операторларының меншігі болып табылатын телекоммуникациялық жабдықтан басқа, кондоминиум объектісінің бөліктері (қасбеттер, кіреберістер, вестибюльдер, холдар, дәліздер, баспалдақ марштары мен баспалдақ алаңдары, лифтілер, шатырлар, шатырастылар, техникалық қабаттар, жөртшелер, үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтар, абоненттік пошта жәшіктері, көппәтерлі тұрғын үй тұрған жер учаскесі және (немесе) үй жанындағы жер учаскесі, абаттандыру элементтері және ортақ пайдаланылатын басқа да мүлік);

7) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ағымдағы жөндеу – мерзімінен бұрын тозуын болғызбау және ақауларын жою мақсатында жүргізілетін, көппәтерлі тұрғын үйдің нормативтік және техникалық құжаттамада белгіленген құрама бөліктері мен инженерлік жабдықта-рын ауыстыру немесе қалпына келтіру жөніндегі уақтылы техникалық іс-шаралар мен жұмыстар кешені;

8) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу – көппәтерлі тұрғын үйдің ресурсын қалпына келтіру мақсатында жүргізілетін, көппәтерлі тұрғын үйдің тозған конструкцияларын, бөлшектерін және инженерлік жабдықтарын жаңа немесе анағұрлым мықты және үнемді, жөнделетін объектілердің пайдалану көрсеткіштерін жақсарт-тын түрлеріне ауыстыру жөніндегі іс-шаралар мен жұмыстар кешені;

9) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған шығыстар – пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекелеген бөліктерін күрделі жөндеуге арналған міндетті ай сайынғы жарналары;

10) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау – кондоми- ниум объектісінің ортақ мүлкін техникалық пайдалану, санитариялық күтіп-ұстау және ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер кешені;

11) көппәтерлі тұрғын үй – ортақ үлестік меншік болып табылатын кондоминиум объектісін ортақ мүлкінен және көппәтерлі тұрғын

үйге іргелес жатқан жер учаскесіне не кондоминиум объектісі ортақ мүлкінің өзге де бөліктеріне дербес шығатын жерлері бар екі және одан көп пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан тұратын, біртұтас бөлінбейтін жер учаскесінде біртұтас іргетасы бар жеке тұрған ғимарат;

12) көппәтерлі тұрғын үйді басқарушы – басқаратын көппәтерлі тұрғын үйдегі пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың, орынтұрақ орнының, қойманың меншік иесі болып табыл-майтын, уәкілетті орган бекіткен біліктілік талаптарына сай келетін Қазақстан Республикасының азаматы;

13) көппәтерлі тұрғын үй кеңесі (бұдан әрі – үй кеңесі) – пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері қатарынан сайланатын кондоминиум объектісін алқалы басқару органы;

14) көппәтерлі тұрғын үй кондоминиумы (бұдан әрі – кондоминиум) – Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен тіркелген меншік нысаны, бұл ретте пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар, орынтұрақ орындары, қоймалар дара (бөлек) меншікте болады, ал дара (бөлек) меншікте емес бөліктер пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі болады;

15) көппәтерлі тұрғын үй мүлкінің меншік иелері бірлестігі (бұдан әрі – мүлктің меншік иелері бірлестігі) – коммерциялық емес ұйым болып табылатын, бір көппәтерлі тұрғын үй пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері құрған, кондоминиум объектісін басқаруды жүзеге асыратын, оны күтіп-ұстауды қаржыландыратын және оның сақталуын қамтамасыз ететін заңды тұлға;

16) көппәтерлі тұрғын үй пәтер-лері, тұрғын емес үй-жайлары меншік иелерінің жиналысы (бұдан әрі – жиналыс) – пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға байланысты шешімдерді ұжымдық талқылауын және дауыс беру арқылы қабылдауын қамтамасыз ететін кондоминиум объектісін басқарудың жоғары органы;

17) оператор- мамандандырылған уәкілетті ұйым.

3. Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстарға қатысады және Заңда көзделген міндеттерді атқарады.

4. Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері кондо-миниум объектісінің ортақ мүлкіне ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізуді қоса алғанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау және оның қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қолдануға міндетті.

2-Тарау. Қызылорда қаласында пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің көппәтерлі тұрғын үйде лифтілерді жөндеуге және ауыстыруға, күрделі жөндеуге байланысты ақшаны қайтаруын қамтамасыз ету тәртібі мен шарттары

5. “Қызылорда қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі” мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі- “ТҮКШ, ЖК және АЖ бөлімі” ММ) “Қызылорда қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі” мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - “ТҮИ бөлімі” ММ) бюджеттік қаражат есебінен жөндеуге және ауыстыруға жататын лифтілердің, сондай-ақ күрделі жөндеуге жататын көппәтерлі тұрғын үйлердің тізбесін қалыптастыру үшін пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің жиналысына бастамашылық жасайды.

6. Көппәтерлі тұрғын үйдегі пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері жиналыста жергілікті бюджет есебінен көппәтерлі тұрғын үйге күрделі жөндеу жүргізуге, лифттерді жөндеуге және ауыстыруға қатысу туралы шешім қабылдайды.

- Егер жиналысқа пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің жалпы санының жартысынан астамы қатысса, жиналыс шешім қабылдауға құқылы.
- Көппәтерлі тұрғын үйдегі пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері жиналысы Заңның 42 бабымен белгіленген тәртіпке сәйкес өткізіледі.

7. Егер бұрын келу тәртібімен жарияланған жиналыс қворум болмағандықтан өтпесе, жиналыс жазбаша сауалнама арқылы өткізіледі. Жиналыс үй кеңесінің, мүлкітін меншік иелері бірлестігі төрағасының, жай серіктестіктің сенім білдірілген адамының бастамасы бойынша не ревизиялық комиссияның (ревизордың) талап етуі бойынша не тұрғын үй инспекциясының бастамасы бойынша не пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің кемінде он пайызының талап етуі бойынша өткізіледі. Жазбаша сауалнама жүргізу тәртібі Заңның 42-2-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Жиналыста теріс шешім қабылданған жағдайда, лифтілерді жөндеу мен ауыстыруға, көппәтерлі тұрғын үйді күрделі жөндеуге байланысты жұмыстар жүргізілмейді.

9. Лифтілерді жөндеуді және ауыстыруды, үйге күрделі жөндеуді талап ететін көппәтерлі тұрғын үйлердің бекітілген тізбесі негізінде оң шешім қабылданған жағдайда «ТҮКШ, ЖК және АЖ бөлімі» ММ «ТҮИ бөлімі» ММ-мен бірлесіп:

1) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне техникалық зерттеп-қарауды ұйымдастыруын қамтамасыз етеді;

2) жергілікті бюджет қаражаты есебінен тиісті жобалар бойынша кейіннен сараптама қорытындысын ала отырып, лифтілерді жөндеуге сметалық есепті әзірлеу немесе көппәтерлі тұрғын үйді күрделі жөндеуге (лифтілерді ауыстыруға) жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

3) көппәтерлі тұрғын үйлердің пәтерлері мен тұрғын емес үй-жайларының меншік иелерін жоспарланатын жұмыстар және оларды өткізудің болжамды мерзімдері туралы үйлердің кіреберістерінде ақпараттық хабарламаларды орналастыру және мүліктің меншік иелері бірлестіктерінің төрағаларына, жай серіктестіктің сенім білдірілген адамдарына, көппәтерлі тұрғын үйдің басқарушысына, басқарушы компанияға (олар болған кезде) электрондық пошта немесе ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының абоненттік нөмірі арқылы хабарламалар жіберу арқылы хабардар етеді;

4) орындалған жұмыстарды қабылдау жөніндегі комиссияларға қатысады.

10. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне немесе оның жекелеген

бөліктеріне күрделі жөндеу (жаңғырту, реконструкциялау, реставрациялау) жүргізу туралы шешім қабылдау кезінде көппәтерлі тұрғын үйдегі пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері жиналыста мынадай:

1) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне немесе оның жекелеген бөліктеріне күрделі жөндеу жүргізуге арналған шығыстар сметасын бекіту туралы;

2) жинақ шотында жинақталған ақшаны жұмсау туралы шешім қабылдау туралы;

3) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін жөндеуге жобалау-сметалық құжаттаманы келісу туралы;

4) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мерзімі туралы шешімдер қабылдайды.

11. Көппәтерлі тұрғын үйге күрделі жөндеу жүргізуді Оператор Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 246 «Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу тәртібін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20536 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес үй кеңесі таңдаған мердігерді ұйымды және техникалық қадағалаушы ұйымды тарта отырып жүргізеді.

12. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу үшін мердігер ұйымды таңдауды үй кеңесі жүзеге асырады. Үй кеңесі кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған ақшаның нысаналы жұмсалудына мониторингтеуді жүзеге асырады.

3-Тарау. Қорытынды ережелер

13. Оператор пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің қайтарған сомаларын қайтарымдылықты қамтамасыз ету шартымен кондоминиумның басқа объектілеріндегі ортақ мүлкіке күрделі жөндеу жүргізу және лифттерді жөндеу (ауыстыру) үшін пайдаланады.

14. Оператор мердігер ұйымның кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуін және лифтіні ауыстыруын (жөндеуін) мониторингілеуді және бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ авторлық, техникалық қадағалауды орындауға және жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге шарттар жасасуды қамтамасыз етеді.

15. Оператор, мүлкітін меншік иелері бірлестігінің төрағасы, жай серіктестіктің сенімді тұлғасы, үй кеңесі мердігерлік ұйымдардың кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеуді орындау сапасы мен мерзімдерін, сондай-ақ осындай қызметтердің, жұмыстардың жобалық құжаттама талаптарына сәйкестігін бақылайды.

16. Мүліктің меншік иелері бір-лестігінің төрағасы, жай серіктестіктің сенімді тұлғасы, үй кеңесі күрделі жөндеу жүргізу барысында жіберілген кемшіліктер анықталған жағдайда анықталған кемшіліктерді жою үшін мердігерлік ұйымға, сондай-ақ Операторға, не жергілікті атқарушы органдарға жүгінеді.

17. Күрделі жөндеу бойынша көппәтерлі тұрғын үйді қабылдауға және пайдалануға енгізуге Оператор, мердігер ұйым, техникалық қадағалау, авторлық қадағалау, сондай-ақ үй кеңесі, мүлкітін меншік иелері бірлестігінің төрағасы немесе жай серіктестіктің сенімді тұлғасы қатысады.

18. Осы Қағидалармен реттел-меген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕР – АҚПАРАТ КӨЗІ

Бүгінде құқықтық мәдениет, қауіпсіздік қағидаттары кеңінен насихатталуда. Насихаттау барысында халыққа тура жету жолдары таңдалуда. Мәселен, қазір қоғамдық көліктерде жүргінші көп. Әсіресе жастар, жасөспірімдер қалалық қоғамдық көліктерді көп пайдаланады. Осы ретте Қызылорда қаласы тұрғындары мен жастар арасында құқықтық мәдениетті арттыру және қауіпсіздік қағидаттарын кеңінен насихаттау мақсатында жүргізіліп келе жатқан

жұмыстары қоғамдық көліктерде де кеңі-нен жүргізілуде.

Қазіргі таңда негізгі бағыттар бойынша қатынайтын автобустар «Заң және тәртіп» тұжырымдамасының мазмұны мен маңызын түсіндіруге арналған арнайы ақпараттық хабарламалар көрсетілуде. Бұл — тұрғындарға күнделікті қозғалыс барысында пайдалы ақпаратты ыңғайлы форматта ұсынуды көздейтін құрал.

Мұндай кең ауқымды жұмыс Мемле-кет басшысының тапсырмасын орындау

мақсатында және жастардың құқықтық сауа-тын арттыруға ерекше көңіл бөлген Үкіметтің «Заң және тәртіп» тұжырымдамасының басым бағыттарын түсіндірудің жаңа тәсілі ретінде іске асырылып отыр.

Қауіпсіз қоғам — барша азаматтың ортақ міндеті. Әрбір тұрғын заң талаптарын сақтап, қоғамдық тәртіпке немқұрайлы қарамағанда ғана қаламызда тыныштық пен сенімді орта қалыптасады.

Заңға құрмет – тұрақтылықтың кепілі. Тәртіп – қауіпсіздіктің негізі.

АХАТОВТЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫ

Қыстың алғашқы айы басталғалы бері ауа райы мың құбылып тұр. Күніне бір емес, мезгіліне бірнеше рет. Танертең тұман басқан қалада барар жеріңе дейін жаяу жүру де, көлікпен жету де оңай емес. Түске дейін не жаңбыр, не қар емес, бірдеңе ұшқындап, жер жылтырлайды. Түс ауа күн жылынып, жылтыр мұз ериді. Кешке қарай күн қайта қатаяды. Бұған “ашулы желді” қосыңыз. Азанды-кеш ықырып тұр. Көдімгі желтоқсан желі...

Алайда, табиғаттың тосын мінезіне тосылып қалып жатқан қала жоқ. Тазалықшылар әдеттегідей қала қоқысын жиып, көшесін сыпырып, контейнерлерін тазартып жүр. Коммуналдық саладағы жарық, жылу, суға жауапты мекемелер де қалалықтар жаурап қалмасын, қараңғыда сусыз отырмасын деп жанын салып жүр. Қаланың тазалық мекемелерінің техникалары да жол үстін тазартып, көктайғақтың алдын алып жүр.

Күні кеше қала әкімі Нұржан Ахатовтың төрағалығымен жиын өтіп, онда бірқатар өзекті мәселе талқыланды. Шаһар басшысы көктайғақтың алдын алу, сақтық шараларын күшейту және жол-көлік оқиғаларын болдырмау амалын жасауды қалалық полиция басқармасы мен коммуналдық мекемелердің басшыларына тапсырып, жолдарды ұдайы тазартып отыру, сондай-ақ тұрғындарға ауыз су, газ, жарықтың үздіксіз берілуіне баса назар аудару керектігін айтты.

Бүгінде қалада жол құрылысы қарқынды жүруде. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес бұл бағыттағы жұмыстарға және құрылыстардың сапасына қатаң қадағалау жасалуда. Нұржан Сәбитұлы салаға жауапты басшыларға жол құрылыстарының мерзімінде, әрі сапалы орындалуы үшін бақылау шараларын күнделікті жүргізуді жүктеді.

Ел үміті – жергілікті билікте. Үйде жарық жанбай қалса да, жылу болмай, су ақпаса да жұрт әкімді, әкімшілікті жағалайды. Әркім де жайлы баспанада тұрғысы келеді. Оны сатып алуға қауқары жоқтар тағы да әкімге мұң шағады. Баланы оқыту да әр адамға бір арман. Грант – елдің бәріне бірдей қолжетімді емес. Баласы грантқа түспеген ата-аналар келешегінен үміт етіп, баласын ақылы оқытады. Ақша жете бермейді. “Айналайынын” айтып, тағы да әкімге келеді.

Бұдан бөлек есік алдындағы тротуар нашарлап кетті, көше қараңғы, баға қымбаттап бара жатыр, мүгедектік берілмей жатыр, тағы да басқа мұқтаждықтарымен билікке маңдай тірейтін тұрғындарға әкім қабылдауы қолайлы болды. Ешқандай күзет, хатшы жоқ, емін-еркін кіріп, бетпесті отырып, мұның шағып, мұқтажын айтуға келген жұрт үшін әкім қабылдау кезінде қолжетімді.

Өткен жетіде қала әкімі Нұржан Ахатов тұрғындарды қабылдап, мәселелері бойынша сұрақтарына жауап берді. Тұрғындар тарапынан қойылған сауалдар тұрғын үй кезегі, жер, әлеуметтік көмек алу бағыттарын қамтыды.

Мәселелерге сала басшыларының талқылауымен заң аясында жауаптар берілді. Хаттамаға енгізілген сауалдардың

ӘКІМ ҚАБЫЛДАДЫ



бірқатары жедел шешімін тапса, кейбірі уақыт талабын қажет етеді.

Айта кету керек, жыл басынан бері өткізілген жеке қабылдауларда 200-ге жуық азаматтың мәселесі сараланды.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ

Қызылорда қаласында Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні аясында бір емес, бір-бірін толықтырып, қоғамдағы құқықтық мәдениетті көтеруге бағытталған бірнеше маңызды іс-шара өтті. Солардың бірі А.Тоқамағбетов атындағы Мәдениет үйінде өткен «Адалдық пен

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Мира Бейбітова, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің комплаенс офицері Өлібек Жаппасбаев, сондай-ақ жастар ұйымдарының жетекшілері, БАҚ өкілдері, үкіметтік емес



заңдылық: қоғамның сенімді кепілі» атты кең көлемді форум. Іс-шараның мақсаты – елдегі заң үстемдігін нығайту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, мемлекеттік органдардың ашықтығын арттыру және азаматтардың құқықтық сауаттылығын көтеру.

Форумға қала әкімінің орынбасары Ділімұхамед Абизов,

ұйым мүшелері және мемлекеттік қызметшілер қатысты.

Іс-шарада жыл бойы белсенді жұмыс жүргізген мамандар түрлі аталымдар бойынша марапатталды. Форумда айтылған ой-пікірлер мен ұсыныстар әділдік қағидаттарын нығайтуға, азаматтық белсенділікті арттыруға және жастардың бастамаларын қолдауға бағытталған маңызды қадам болары анық.

ҚАУІПСІЗДІК – ӨМІР КЕПІЛІ

Қала тұрғындарына қолайлы орта жасау, сонымен қатар қалалықтардың қауіпсіздігін сақтау, әр адам қала көшелерінде емін-еркін жүруіне, өзі қалаған қызметке қол жеткізуіне мүмкіндікті қамтамасыз ету – қала билігінің тағы бір міндеті. Ата-аналар балалары үшін алаңдамауы керек. Сондай-ақ жастар да бос



уақыттарын мәнді, көңілді өткізуге тиіс. Осы орайда қалада күн сайын әралуан ойын-сауық орындары көбейіп келеді.

Бүгінде кішкентайлар үшін де, жасөспірімдер үшін де жас ерекшеліктеріне, талғамдарына сай жасалған ойын-сауық орындары келушілерге қапысыз қызмет көрсетіп жатыр ма?

Осыған орай қоғамдық қауіпсіздікті сақтау және құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында құрылған жұмысшы тобы қала аумағындағы көңіл көтеретін ойын-сауық орындарында рейд жұмыстарын ұйымдастырды. Аралау барысында нысан иелеріне қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және құқық бұзуға жол беретін факторларды жою бағытында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қауіпсіздік әр азаматтың саналы әрекетінен басталады.

ЖАРЫҚ КӨШЕ

Быылғы жылы Қызылорда қаласына қарасты Тасбөгет кент тұрғындарына қолайлы жағдай жасау мақсатында 13 көшеге жарықшамдар орнатылды.

Тасбөгет кентінің жаңадан қалыптасқан аумағында орналасқан С.Шажанбаев және Қ.Байдаулетов көшелерін де жарықтандыру толық аяқталды. Бұл өз кезегінде тұрғындардың өмірінің қауіпсіздігін арттырып, көлік қозғалысына да қолайлы жағдай туғызуда. Тасбөгет түн қараңғылығынан шығып келеді.

Алдағы уақытта да жарықтандыру кезең-кезеңімен жалғаса беретін болады. Қызылорда қаласының әкімі Н.Ахатовпен кездескен, қабылдауға келген тасбөгеттіктердің талаптарының бірі осы көше жарығы болатын.



Кезекті бақылау барысында бірқатар заң бұзушылықтар анықталды. Жұмысшы топ алдымен қаладағы жеке сектор аумағын шолып, «Жаңа базар» аумағы мен «Қорқыт ата» көшесінде тексеру жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде қала аумағының тазалығын сақтамаған тұрғындарға ескертулер беріліп, түсіндіру жұмыстары атқарылды.

Заңсыз орнатылған қоршауларды жою, санитарлық талаптардың орындалуын бақылау және тұрғындардың жауапкершілігін арттыру бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жалғасатын болады. Бұл шаралар тек тәртіп орнатуға емес, қала мәдениетін қалыптастыруға және тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыс.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ КУБОГІ ӨТТІ

Қызылорда қаласы әкімдігінің қызметкерлері арасында өткен волейболдан қала әкімінің кубогі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, нағыз спорттық рух пен командалық бірліктің айқын көрінісіне айналды.

Жарыстың ашылу салтанатында Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Абизов Ділімұхамед Мнуарбекұлы құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тілеп, салауатты өмір салты мен спорттың ұжымдық ынтымақтастықты нығайтудағы маңызын атап өтті.

Қала әкімінің кубогіне 8 команда қатысып, тартысты әрі жоғары деңгейдегі ойын көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерге кубоктар, дипломдармен қатар қаржылай сертификаттар табысталды, бұл спортшылардың қажырына көрсетілген зор құрмет болды.

Жеке номинациялар иегерлері:

«Үздік шабуылшы» - Әбілқайыр

Азамат Абзалұлы

«Үздік қорғаушы» - Қалыбеков

Фазыл Төремұратұлы

«Үздік үйлестіруші» - Алтай Ләйла

Бақбергенқызы

«Үздік ойыншы» - Әжібеков

Мейрамбек Темірханұлы

Жүлделі орындар:

I орын - «Нағыз спортшылар» командасы (150 000 теңге көлемінде қаржылай сертификат)

II орын - «Серпін» командасы (100 000 теңге көлемінде қаржылай сертификат)

III орын - «Жер жауынгерлері» командасы (75 000 теңге көлемінде қаржылай сертификат)

Бұл турнир қызметкерлер арасында ынтымақ пен достықты арттырып, спортты насихаттауға үлкен серпін берді. Спорт - бірлік пен табыстың бастауы!

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ

Қызылорда қаласының тұрғындары мен жастар арасында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Бұл шаралар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып, қоғамда заңға құрметті арттыруға, азаматтық жауапкершілікті нығайтуға бағытталған.

Қала ерікті жастары да үкіметтің әзірлеген «Заң және тәртіп»

тұжырымдамасының маңызы мен негізгі басымдықтарын кеңінен түсіндіруде. Аталған тұжырымдама қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтардың алдын алу, жастар арасындағы құқықтық сауаттылықты арттыру және қауіпсіз орта қалыптастыру сынды маңызды бағыттарды қамтиды.

Өткен аптада қаладағы “Жібек Жолы” сауда ойын-сауық орталығында ерікті жастардың қатысуымен ақпараттық-

түсіндіру акциясы ұйымдастырылды. Акция барысында ақпараттық ұнпақтар таратылып, тұрғындарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қала тұрғындары бұл бастаманы қолдап, өз ортасында құқықтық мәдениетті дамытудың маңыздылығын насихаттап келеді.

Қауіпсіз Қазақстан – әр азаматтың жауапкершілігі.

Заңға құрмет – тұрақтылықтың, тәртіп – қоғамның тыныштығының кепілі.



ТАЛСУАТ: САЛЫҚ ТҮСІМІ КӨБЕЙДІ...

Қала іргесінде орналасқан қалаға қарасты ауылдар арасындағы ең көнесі Талсуат тарихы тым әріден басталады.

1853-54-ші жылдары Ресейден жер аударылған көптеген орыс отбасы осы мекенге қоныстанған. Кейбір тарихи деректерде сол кездері бұл елді мекен қалай аталғаны белгісіз. Алайда кеңестік дәуірде №18 Талсуат ауылдық кеңесі, “Колос” колхоз болғаны мәлім.

Жергілікті тұрғындар ауылды көркейтіп, көгалдандыруда белсенді болған орыс халқына риза болып, бертін келе “Александровск” деп атай бастаған. 1967-ші жылы Александровск ауылы болып тұрғанда геологтар мекемесі құрылып, типтік жүйедегі жеке үйлер салына бастаған. Балабақша бой көтереді. Асхана, клуб, монша халық игілігіне беріледі. Орталық жылу жүйесі, орталық ауыз су жүйесіне дейін бар болғандықтан қоныстанушылар арасында жастар көп болған.

Талсуат ауылы “Александровск” атымен белгілі болған 1999 жылы мұнда небары 471 ғана адам тұрған. Араға он жыл салып 2009-шы жыл ауыл халқы 200-ге көбейіп, 677-ге жеткен.

Биылғы жылдың он айының қорытындысы бойынша қазір “Талсуат” ауылында 2465 адам тұрады. Оның жарыға жуығы, яғни 1253 адам еңбекке қабілеттілер. 150 адам өз-өзін жұмыспен қамтып отыр екен. Жыл басынан бері 15 адамды жергілікті билік тұрақты жұмысқа орналастырыпты. Сондай-ақ ауылдық округі тұрғындарына «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» аясында халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары арқылы 23 адам ақылы қоғамдық жұмысқа тартылды.

Биылғы ақпан айында жергілікті БАҚ-тарға брифинг берген ауыл әкімі:

- Ауыл тұрғындарының игілігі, балалардың кемел келешегі үшін заманға сай әлеуметтік нысандар құрылысы қарқынды жүруде. Өткен жылы ауылда «Талсуат» спорт кешені ашылып, жаңа клуб пайдалануға берілді. Тұрғындардың сұранысына сәйкес О. Сауытбаев көшесінде орналасқан ойын алаңына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 3 көше жарықтандырылды, - деп өткен жылды қорытындылапты.

- Сондай-ақ ауылдық округте 186 шағын кәсіпкерлік нысан жұмыс істеуде. Өткен жылы 7 кәсіпкерлік субъекті тіркеліп, мемлекеттік бағдарламалар аясында ауыл тұрғындарының 11 жобасы қаржыландырылды. Оның ішінде 3 жоба қайтарымсыз грантқа ие болса, «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 5 жобаға қолдау көрсетілді. Бұл жобалардың ішінде кондитерлік

цехы, ысталған балық өндірісі, техникалық жөндеу орталығы, мал басын көбейту бастамалары қамтылған. Ауыл шаруашылығы саласы бойынша 49,2 гектар жерге, оның ішінде 38 га көкөніс, 1,2 га картоп, 10 га бақша дақылдары егіліп, мал саны 2533 басқа жетті - деген ауыл әкімі Е.Бейсенбаев биылғы жылғы жоспарға да тоқталыпты.

- Биыл 4 көшеге жаяу жүргіншілер жолын салуды, 5 көшені жарықтандыруды, 2 көшеге тас төсеу жұмыстарын жүргізуді жоспарлаудамыз. Ауылдық округ аумағында орналасқан 3 әлеуметтік нысанға жаяу жүргіншілер жолын салу және көше жарығын жүргізу үшін жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, қаржыландыруға ұсынылды. Сондай-



ақ, ауылдағы ойын алаңдарының санын көбейту мақсатында 2 жобаның құжаттары әзірленуде, - деген ауыл әкімінің биылғы жылға да мерейі үстем болар түрі бар.

Енді осы жылдың он айындағы ақпараттарға тоқталар болсақ, биыл бюджет жоспары 214, 4 млн. теңгеге бекітіліп, салықтық түсімдері 11 млн. 417 мың теңгеге жоспарланып, осы жылдың 10 айында 12 400,6 мың теңге түскен. Демек жоспар 108,6%-ға орындалды.

Округте 189 шағын кәсіпкерлік субъектілері, оның ішінде 174 дара кәсіпкерлер, 6 шаруа қожалықтары тіркелген.

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жыл басынан бері 85,6 млн. теңге несиені құрайтын 11 жоба мақұлданды. Оның ішінде «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы 1 жоба 2,8 млн. қаржыландырылған Жоба атауы «Татыранованың» мал басын көбейту жобасы.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы пилоттық жобасы аясында 2025 жылға 74,9 млн. құрайтын 5 жоба қаржыландырылды. Қолғап шығару цехы, қымыз өндірісі, жартылай фабрикалтар, ет өндірісі, балық шаруашылығы шағын ауыл үшін үлкен кәсіп болып тұрғаны сөзсіз.

Қайтарымсыз гранттар арқылы 5 жоба қаржыландырылған. 2025 жыл басынан аз қамтылған 33 отбасына, яғни 217 адамға 8 701 482 млн. теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған. Ауылдық округі тұрғындарын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде Талсуат ауылдық округінде медициналық амбулатория алғашқы көмек беру, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілген.

Ауылшаруашылық саласы бойынша биылғы жылы 1,8 га картоп, 11 га бақша, 29,4 га көкөніс, барлығы 42,2 ауылшаруашылық дақылдары егілген.

2584 мал тіркелген. Оның ішінде 1001 мүйізді ірі қара, 438 қой, 553 ешкі, 507 жылқы, 20 түйе, 65 шошқа бар екен. Мал бағытында 7 шаруа қожалық жұмыс жасайды.

Инфрақұрылымды дамыту бойынша жасалып жатқан жұмыстарды атап айтқанда ауыл тұрғындарының көптен бері көтеріп жүрген мәселесінің бірі болып келген - ауылдық округ аумағында орналасқан әлеуметтік қызмет көрсететін 3 мекемеге жаяу жүргіншілер жолын салу мен көше жарығын жүргізу мәселесі өз шешімін тауыпты. Жобаның жобалық сметалық құжаттамасы «Қызылорда қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы» тарапынан әзірленіп, 2025 жылы қалалық бюджеттен толық көлемде қаржыландырылды. Мемлекеттік сатып алу конкурсының нәтижесі бойынша Мердігер мекеме ТОО «SK ORDA CAPITAL» анықталып, жұмыс толық аяқталды. Жобаның жалпы құны 75,8 млн.теңге.

Талсуат ауылдық округі бойынша 1-ші тұйық көшесіне түнгі жарық бағаналарын орнату бойынша жоба құны 13 млн. 279 мың теңгеге жұмыстар жүргізілді. Мердігер мекеме ТОО «МК-Сервис LTD».

3-ші тұйық көшесіне тас төсеу құрылысын жүргізу бойынша жоба құны 13 млн. 279 мың теңгеге жұмыстар жүргізілді. Мердігер мекеме ТОО «РеалСтройСнаб».

Сонымен қатар Тағзым алаңында абаттандыру және көркейту мақсатында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жоба құны 4,992 мың 152 теңге. Мердігер мекеме-«ALYSER» COMPANY ЖШС.

Ауылдың Астана, Алматы, Ақмешіт, Отырар, О.Сауытбаев, С.Нұрмағамбетов көшелеріне көше жарығы жүргізілді. Жоба құны 51,9 млн. теңге, Мердігер мекеме –ТОО «Строительная компания Орда-Құрылыс».

Жол қозғалысы мен қоғамдық қауіпсіздікті күшейту мақсатында «Қызылорда облыстық полиция департаменті» тарапынан А.Құнанбаев көшесінің бойына жаңа жүйедегі бейнебақылау камералары орнатылып, жаңа жүйедегі бейнекамерелар бір мезетте бірнеше жолақтағы қозғалысты қадағалап, заң бұзушылықты анықтап отыр.

Соңғы жылдары ауылдарды қолдау бағытында игі шаралар атқарылуда. “Ауыл аманаты” жобасы аясында жасалып жатқан игі тірліктер ауыл ажарын ашып, ауылдықтардың кәсібін деңгелетуге де жол ашуда.

ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ПРАВИЛ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ВОЗВРАТА СРЕДСТВ СОБСТВЕННИКАМИ КВАРТИР И НЕЖИЛЫХ ПОМЕЩЕНИЙ В МНОГОКВАРТИРНЫХ ДОМАХ ГОРОДА КЫЗЫЛОРДА ПРИ РЕМОНТЕ И ЗАМЕНЕ ЛИФТОВ, А ТАКЖЕ ПРОВЕДЕНИИ КАПИТАЛЬНОГО РЕМОНТА

В соответствии с пунктом 11 части 2 статьи 10 - 3 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях» и пунктом 16 - 5 части 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» акимат города Кызылорда **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить Правила обеспечения возврата средств собственниками квартир и нежилых помещений в многоквартирных домах города Кызылорда при ремонте и замене лифтов, а также проведении капитального ремонта в соответствии с приложением к настоящему постановлению.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Кызылорда.

3. Настоящее постановление вступает в силу через десять календарных дней после его официального опубликования.

Аким
города Кызылорда

Н. АХАТОВ

Приложение 1 к постановлению
акимата города Кызылорда от
« ____ » _____ 2025 года № ____

Правила обеспечения возврата средств собственниками квартир и нежилых помещений в многоквартирных домах города Кызылорда при ремонте и замене лифтов, а также проведении капитального ремонта

1-Раздел. Общие положения

1. Настоящие Правила обеспечения возврата средств собственниками квартир и нежилых помещений в многоквартирных домах города Кызылорда при ремонте и замене лифтов, а также проведении капитального ремонта (далее – Правила) разработаны в соответствии со статьей 10-3 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях» (далее – Закон) и иными нормативными правовыми актами, определяют порядок обеспечения возврата средств собственниками квартир и нежилых помещений в многоквартирных домах города Кызылорда при ремонте и замене лифтов, а также проведении капитального ремонта.

2. В Правилах применяются следующие основные термины:

- управляющая компания – физическое или юридическое лицо, оказывающее услуги по управлению объектом кондоминиума на основании заключённого договора;
- голосование – процесс принятия решений собственниками квартир, нежилых помещений, мест парковки и складов

по вопросам управления объектом кондоминиума, содержания общего имущества объекта кондоминиума, а также содержания мест парковки и складов путем явки на собрание и открытого выражения своего волеизъявления либо путем письменного опроса;

- простое товарищество – юридическое лицо не создаётся, действует на основании договора совместной деятельности в соответствии с гражданским законодательством Республики Казахстан;
- объект кондоминиума – совокупность индивидуально принадлежащих квартир, нежилых помещений, мест парковки, складов и общего имущества, находящегося в общей долевой собственности собственников квартир, нежилых помещений, мест парковки и складов, включая земельный участок, на котором расположен многоквартирный дом;
- управление объектом кондоминиума – комплекс мероприятий, направленных на обеспечение безопасного и комфортного проживания собственников квартир и нежилых помещений, надлежащее содержание общего имущества объекта кондоминиума, решение вопросов эксплуатации общего имущества и предоставления коммунальных услуг;
- общее имущество объекта кондоминиума – части объекта кондоминиума, не являющиеся индивидуальной собственностью, включая фасады, входные группы, вестибулы, холлы, лестничные марши и площадки, лифты, крыши, чердачные помещения, технические этажи, подвалы, инженерные сети и оборудование, абонентские почтовые ящики, земельный участок, элементы благоустройства и другое общее имущество;
- текущий ремонт общего имущества объекта кондоминиума – комплекс мероприятий, направленных на предотвращение преждевременного износа и устранение дефектов частей многоквар-

тирного дома и инженерного оборудования;

- капитальный ремонт общего имущества объекта кондоминиума – комплекс мероприятий по восстановлению ресурса многоквартирного дома, замене изношенных конструкций, деталей и инженерного оборудования на новые или более прочные, эффективные виды с улучшением эксплуатационных характеристик;
- расходы на капитальный ремонт общего имущества объекта кондоминиума – обязательные ежемесячные взносы собственников квартир и нежилых помещений на капитальный ремонт общего имущества объекта кондоминиума или его отдельных частей;
- содержание общего имущества объекта кондоминиума – комплекс работ и услуг по эксплуатации, санитарному обслуживанию и текущему ремонту общего имущества;
- многоквартирный дом – здание, состоящее из двух и более квартир и (или) нежилых помещений с единым фундаментом, находящихся на едином земельном участке, часть которого является общей долевой собственностью;
- управляющий многоквартирным домом – гражданин Республики Казахстан, соответствующий квалификационным требованиям, назначаемый уполномоченным органом для управления многоквартирным домом, где он не является собственником;
- совет многоквартирного дома – коллегиальный орган управления объектом кондоминиума, избираемый из числа собственников квартир и нежилых помещений;
- кондоминиум многоквартирного дома – зарегистрированная в установленном порядке форма собственности, при которой квартиры, нежилые помещения, места парковки и склады являются индивидуальной собственностью, а неделимые части дома – общей долевой;
- объединение собственников многоквартирного дома – некоммерческая организация, созданная собственниками квартир и нежилых помещений одного дома для управления кондоминиумом, финансирования его содержания и обеспечения сохранности;
- собрание собственников квартир и нежилых помещений – высший орган управления объектом кондоминиума, обеспечивающий коллективное обсуждение и принятие решений по управлению и содержанию общего имущества посредством голосования;
- оператор – специализированная уполномоченная организация.

- Собственники квартир и нежилых помещений участвуют в расходах на управление объектом кондоминиума и выполняют обязанности, установленные Законом.
- Собственники квартир и нежилых помещений обязаны принимать меры по содержанию общего имущества кондоминиума, включая проведение текущего и капитального ремонта, обеспечение безопасного использования.

2-Раздел. Порядок и условия обеспечения возврата средств собственниками квартир и нежилых помещений при ремонте и замене лифтов и капитальном ремонте

- ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Кызылорда» (далее – «Отдел ЖКХ, ТП и АД») совместно с ГУ «Жилищная инспекция города Кызылорда» (далее – «ЖИ») инициирует проведение собрания собственников квартир и нежилых помещений для формирования перечня лифтов под ремонт и замене, а также многоквартирных домов под капитальный ремонт.
- Собрание собственников принимает решение о финансировании капитального ремонта и ремонта/замены лифтов из местного бюджета.
 - Для кворума необходимо участие более половины собственников.
 - Проведение собраний осуществляется в порядке, установленном статьей 42 Закона.
- При отсутствии кворума ранее назначенное очное собрание проводится путем письменного опроса по инициативе совета дома, председателя объединения собственников, доверенного лица простого товарищества, ревизионной комиссии или ЖИ, либо по требованию не менее 10% собственников. Письменный опрос проводится в соответствии со статьей 42-2 Закона.
- При отрицательном решении собрания работы по ремонту лифтов и капитальному ремонту дома не проводятся.
- При положительном решении на основании утвержденного перечня «Отдел ЖКХ, ТП и АД» совместно с ЖИ:
 - организует техническое обследование общего имущества;
 - разрабатывает сметную документацию на ремонт лифтов или проектно-

- сметную документацию капитального ремонта;
- информирует собственников о планируемых работах и сроках;
- участвует в комиссиях по приемке выполненных работ.
- На собрании собственники решают:
 - утверждение сметы расходов на капитальный ремонт;
 - использование средств накопительного счета;
 - согласование проектно-сметной документации;
 - сроки проведения капитального ремонта.
- Капитальный ремонт осуществляется Оператором с привлечением подрядной и технического надзора организаций в соответствии с приказом Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан №246 от 29 апреля 2020 года.
- Выбор подрядной организации и контроль целевого расходования средств осуществляется советом дома.

3-Раздел. Заключительные положения

- Оператор использует средства, возвращенные собственниками, для капитального ремонта общего имущества и ремонта/замены лифтов на других объектах кондоминиума.
- Оператор осуществляет контроль и мониторинг работ, заключает договоры на авторский и технический надзор, а также на разработку проектно-сметной документации.
- Совет дома, председатель объединения собственников, доверенное лицо простого товарищества контролируют качество и сроки выполнения работ подрядными организациями и соответствие проектной документации.
- При выявлении недостатков указанные лица обращаются к подрядчику, Оператору или органам местного самоуправления для их устранения.
- Приемка и ввод многоквартирного дома после капитального ремонта проводится с участием Оператора, подрядчика, служб технического и авторского надзора, совета дома, председателя объединения собственников или доверенного лица простого товарищества.
- Вопросы, не урегулированные настоящими Правилами, регулируются законодательством Республики Казахстан.

МҰНАЙШЫЛАР МАРАПАТҚА БӨЛЕНГЕН КҮН

Сыр өңіріндегі бірегей мұнай компаниясы «ПетроҚазақстан ҚұмкөлРесорсиз» АҚ әрдайым жұмысшыларына айрықша құрметпен қарайды. Жыл бедерінде мұнайшыларды марапат төріне шығарып, еселі еңбектеріне лайықты бағасын беріп келеді.

Негізінен жер қойнауынан қара алтын өндірудің жұмысы жеңіл емес. Қызығынан қиындығы басым салада ұзақ жылдар бойына тынбай еңбек ету асқан қажыр-қайратты қажет етеді. Мұнай саласының қыр-сырын жетік меңгеріп, өз жұмысының майталман маманы болу оңай соқпайды. Сондықтан қара алтын өндіруде талай жыл табан аудармастан еңбек етіп, мұнай саласын өркендетуге өлшеусіз үлес қосып жүрген мамандардың еңбегі ерен. Ондай жандар қандай құрметке де лайық.

Сыр өңіріндегі бірегей мұнай компаниясы жыл сайын ардагерлерін ардақтап, майталман мамандарын құрмет төріне шығаруды үрдіске айналдырып келеді. Тәуелсіздік күні қарсаңында мұнайшылардың ұзақ жылдар бойғы еңбектерін ұлықтау құптарлық іс. Оның ішінде мұнай саласынан зейнет демалысына шыққан алдыңғы толқын аға-апаларын түрлі деңгейде марапаттап, мерекелік дастархан жайып, зор құрмет көрсетуі көпке үлгі.

Петроқазақстандықтардың дәстүрлі құрметі биыл да жарасымды жалғасын тапты. Мерейлі мерекеге орай бір топ майталман мамандарына шексіз құрмет көрсетті.

мерекемен құттықтап, ақжолтай тілегін жеткізді.

– «**Биыл ата-бабаларымыздың жылдар бойы аңсаған азаттық таңының атқанына 34 жыл толып отыр. Осынау мерейлі мереке қарсаңында 2025 жылы компанияда ұзақ жылдар бойына еңбек еткен бір топ қызметкерлерімізді құрметті еңбек демалысына салтанатты шығарып салу рәсіміне жиналып отырмыз. Сондай-ақ, бірқатар ардагерлерімізді 60, 70, 80 жас мерейтойларымен құттықтау шарасының куәсі боламыз. Осы сәтті пайдалана отырып, барша жиналған қауымды, мұнайшыларды айтулы мереке - Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге мықты денсаулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін!**» - деп Жұмабек Махатайұлы жылы лебіз білдірді.

Қазіргі таңда компаниядан құрметті еңбек демалысына шыққан зейнеткер саны 298 адамды құрайды екен. Оның ішінде биылға 34 қызметкер құрметті еңбек демалысына шығыпты. Бұған қоса бірқатар ардагерлер 60 жас, 70 жас, 80 жас мерейтойларын тойлап жатыр. Соған орай шара барысында ұзақ жылдар бойына мұнай саласына өлшеусіз еңбек сіңірген мерейтой иелеріне сый-сияпат табыстау назардан тыс қалмады.

Атап айтсақ, 70 жас мерейтойымен Бақытбек Демеуов, Күлпәш Қаденова, Ұлбазар Құлыбаева, Хамза Қасанов, Гүлзая Құрманбаева, Өмірзақ Мархабаев, Өліпбай Шәменов, Берік Шонанов

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Құрмет грамотасымен Патима Ағымбаева, Құрманалы Алсиеуов, Ғазиз Бейсенов, Жеңіс Жүсіпов, Алмаз Сәрсенбаев, Қазыбек Сәруәр, Сәбит Үсенов марапатталды. Шара барысында «ПетроҚазақстан ҚұмкөлРесорсиз» акционерлік қоғамы Басқарма төрағасының қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі орынбасары Бақытқұл Есіркепова көпшілікке жылы лебізін

ҚұмкөлРесорсиз» АҚ кәсіподақ комитетінің төрайымы Бақыт Мұқашева.

Петроқазақстандықтар үшін марапат мұнымен шектелмеді. Салтанатты рәсімде 28 ардагер-мұнайшыға «ПетроҚазақстан ҚұмкөлРесорсиз» АҚ кәсіподақ комитеті атынан «Петроқазақстанның еңбек сіңірген ардагері» төсбелгісі табысталды.

Салтанатты рәсімде кәсіпорынның

профилактика жұмыстарын жүргізу жауапкершілігі маған жүктелді. Тіпсіз жаудан сақтану мақсатында табанды еңбек ету талабы қойылды. Осы еңбегім бүгін лайықты бағаланды деп ойлаймын. Осындай шараны ұйымдастырып, шексіз құрмет көрсетіп жатқан кәсіпорын басшылығына алғысым шексіз», - дейді 70 жас мерейтой иесі Бақытбек Демеуов.

Бар ғұмырын мұнай саласымен байланыстыратын сала ардагерінің тағы бірі – Тымаркүл Әбенова. Қара алтын өндіруде қажымай еңбек еткен сала зейнеткерінің әріптестеріне алғыстан басқа айтары жоқ.

– «**1986 жылы политехникалық институтты бітіргеннен кейін Маңғыстау өңірінің мұнай саласында еңбек жолымды бастадым. Кейіннен 1988 жылы Қызылордаға ауысып, Сыр мұнайының өндірісіне серпінді үлес қостық. Бас-аяғы 42 жыл осы салада табан аудармастан еңбек етіп, биыл зейнеткерлікке шығып жатқан жайым бар. Әлі есімде, мен келген жылдары бұл жерде ұңғыма қазу, бұрғылау, зертханалық тексеру жұмыстары жүргізіліп жатқан болатын. Соның нәтижесінде 1990 жылы 9-мамыр күні алғаш рет мұнай берілді. Сыр мұнайының іске қосылуына сол уақытта Маңғыстаудан арнайы мамандар келіп, өз үлестерін қосты. Содан бері Құмкөлдің қара алтыны өңір халқының жұмыспен қамтылуына зор мүмкіндік ашты деп айта аламын. Осы орайда еңбегімізді**

жеткізді. Өз кезегінде компания басшылығының Алғыс хатымен Шахархан Әлменов, Аманбек Жүнісов, Айгүл Есімова, Дәурен Еспанов, Ботагөз Игібаева, Гүлнар Ысқақова, Азамат Крекесов, Шүкір Мамай және басқа да, бас-аяғы 28 майталман маман марапатталды.

Биылғы зейнеткері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Тілеуберген Шаутай, компанияның ардагерлер ұйымының төрайымы Қыдыркүл Жабағиева сөз алды. Олар саналы ғұмырын мұнай саласына арнаған әріптестеріне ыстық ықыластарын жеткізіп, мерейлі мерекеге



Негізінен халқымыздың асқақ арманы – тұғырлы Тәуелсіздігіне қол жеткізгеніне биыл 34 жыл толып отыр. Осынау тарихи кезеңде елімізде түрлі деңгейде іс-шаралар ұйымдастырылып, тәу етер тәуелсіздігіміздің мән-маңызы кеңінен ашыла түсті. Мерейлі сәтте үнсіз қалуды жөн көрмеген петроқазақстандықтар мерекеге жоғары деңгейде үн қоса білді.

Жылдағы дәстүрге сай биылғы мерекелік шара компанияның спорт кешенінде шымылдығын түрді. Шараға компания басшылығы мен мұнайшылар қауымы қатысып, ізгілік пен құрметтің озық үлгісін көрсетті.

Шараның ашылу салтанатында «ПетроҚазақстан ҚұмкөлРесорсиз» АҚ бас инженері Жұмабек Қонысбаев қадірменді қонақтарды мерейлі

марапатталса, 80 жас мерейтойымен Өміртай Батырбеков құрметтелді.

Мұнай саласында өзіндік орны бар компанияның қалыптасуы мен дамуы кезеңдерінің куәсі болып, кен орындарын дамытуға еңбек сіңіріп, тәжірибесі мен шеберліктерін танытқан бір топ майталман мамандар да ескерсіз қалмады. Құрмет төрінен көрінгендер қатарында Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен мұнай саласында 41 жыл еңбек етілі бар Қазизхан Жамишев, 33 жыл еңбек етілі бар Нұрлыбек Жанәлиев, 40 жыл еңбек сіңірген Тымаркүл Әбенова, 38 жыл еңбек еткен Рая Алтаева, еңбек етілі 36 жылды құрайтын Баян Джанұзақовалар марапат мінберіне көтерілді. Сол сияқты

– «**Компанияда ұзақ жылдар бойына адал еңбек етіп, даму кезеңінің қайнар бастауында болған қызметкерлерге әрдайым құрметіміз айрықша. Өздеріңіздің табанды еңбектеріңіздің арқасында мұнай өндіру ісінің майталмандарына айналдыңыздар. “ПетроҚазақстан” облыстағы жетекші кәсіпорындардың біріне айналды. Әрбіріңіз кәсіби мамандықтарыңызға адалдық танытып, қажырлы еңбек еттіңіздер. Адал да, жемісті еңбектеріңізге мың алғыс! Мерейлі мерекелеріңіз және құрметті еңбек демалысына шыққан қуанышты күндеріңіз құтты болсын!” - деді өз кезегінде «ПетроҚазақстан**

жүрекжарды тілектерін арнады. Шара барысында марапат төріне шыққан барша мұнайшыларға құттықтау лебіздерін жеткізді.

Өз кезегінде мұнайшы-ардагерлер компанияға, мерекелік іс-шараны ұйымдастыруға ұйытқы болған барша әріптестеріне алғаусыз алғыстарын жеткізді.

– «**Бүгін «ПетроҚазақстан» компаниясының ықпалымен үлкен іс-шара өткізіліп жатыр. Негізінен өзім өрт саласында жұмыс жасадым. Жалпы еңбек өтімім 45 жыл болса, осы кәсіпорында 21 жыл тер төктім. Түрлі сатыдан өттім. Жұмыс болғасын қызығы мен қиындығы қатар жүретіні белгілі. Кәсіпорын іргесінде өрт қауіпсіздігін болдырмау мақсатында**

қадірлеп, құрмет көрсетіп жатқан компанияға алғыс білдіремін. Жыл сайын сала мамандарын ескеріп, құрмет төріне шығарып жатады. Биыл да Тәуелсіздік мерекесіне орай көп жылғы еңбегіміз лайықты бағаланып жатыр. Барша әріптестерімді мерейлі мерекелерімен құттықтаймын!» - дейді сала ардагері.

Жалпы бұл күн маңдай тер, адал еңбектің еленген күні болды. Саналы ғұмырын қара алтын өндірісіне арнаған құрметті зейнеткерлері өздеріне компания тарапынан шексіз құрмет көрсетіліп, зор ризашылық пейілдерін жеткізіп жатты. Шара барысында ән мен жырдан шашу шашылып, қадірлі қонақтар мерекелік дастарханнан дәм татты.

Е.ТАҒЫБЕРГЕНҰЛЫ

ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ БҮГІНГІ КӨРІНІСІ

Бүгінгі нарық заманында адамдар сыртқа шығып табиғатта демалмақ түгілі күнделікті күйбелең тіршіліктің соңында өмір сүруде. Уақыттың осындай болуына қарамастан кейбіреулер жұмыс арасында уақыт тауып, барлық қиыншылықтарды ысырып қойып, табиғатқа шығып таза ауа жұтуды жөн көріп жатады.

Алайда демалушылар табиғатымыздың пайдасын көре тұра, оған кері әсер ететін өрескел әрекеттерді де тасап жатқанын жасыра алмаймыз. Міне осы тұста адам мен табиғат арасына араша түсетін, оны күзету және қорғау бағытында қызмет ететін бірден-бір мекеме, ол «Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі».

Қазіргі уақытта мекемеде 51 адам жұмыс жасайды. Ауданымыздың барлық жер көлемінің ішінен мекемеге қарасты

263 361 га орман қоры жері бар. Осы жерлер 13 айналымға бөлінген. Мекеменің жоспарлы жұмыстарына осы жерлерді күзету, қорғау, молайту, тиімді пайдаланумен қатар орман өртінің алдын алу жатады.

Бүгінгі күні орман күтушілері бекітілген жерлеріндегі жабайы аң-құстарды, өсімдік әлемін және су айдындарын күзетумен қатар орман алқаптарын өрттен сақтау үшін алдын-алу шараларымен айналысуда.

Заңсыз орман пайдалану аң-құс ату және орман заңдылығын бұзу бойынша жыл басынан бері 37 рет рейдтер ұйымдастырылып, нәтижесінде 18 жағдай тіркелді. Олардың 9 жағдайы бойынша аң аулау заңдылығын бұзғаны үшін 88,5 мың теңге айыппұл және келтірілген залал үшін 265,4 мың теңге салынып, толық өндірілді. 6 жағдай бойынша ескерту берілді. Орман заңдылығын бұзу

бойынша 3 жағдайға 41,2 мың теңге айыппұл салынып, толық өндірілді.

Сондай-ақ «Таза су айдындары» атты акция жұмыстары бойынша түсіндіру жұмыстары да жүргізіліп, су айдындарында тазалық сақтау керек екендігін түсіндіріп, халық арасында үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Биыл бізде «Таза су-2025» акциясы 2 мәрте жүргізіліп, Сырдария өзенінің жағалауларындағы көлдер маңынан барлығы 5,5 тонна тұрмыстық қалдықтардан тазартылды.

Туған өлкеміздің табиғатының көркейіп көбеюіне әрбір жерлесіміз оң көзқараспен қарап, ұқыпты пайдалана білсе оның бізге берері мол екені сөзсіз.

«Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-сі

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ БІРЫҢҒАЙ БАЗАЛЫҚ ПАКЕТІ: АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіндегі бірқатар негізгі жаңалықтарды көздейтін заң қабылданды.

Үздік халықаралық практикаларға сәйкес Денсаулық сақтау министрлігі еліміздің әрбір тұрғыны үшін денсаулық сақтаудағы базалық кепілдіктерді іске асыруға және медициналық көмекті қаржыландырудың ұзақ мерзімді тұрақтылығына бағытталған бірқатар өзгерістер енгізді.

2024 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауында Мемлекет басшысы бюджет мүмкіндіктері мен азаматтардың қажеттіліктері бойынша теңдестірілген базалық мемлекеттік медициналық көмектің бірыңғай пакетін қалыптастыруды тапсырды.

Бұл қадам мыналарға бағытталған:

- * мемлекеттік және сақтандыру бағдарламалары арасындағы қайталануды жою;
 - * пациенттер үшін де, дәрігерлер үшін де медициналық қызметтер тізбесінің айқын шекаралары мен ашықтығын қамтамасыз ету;
 - * медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру.
- 2026 жылдан бастап медициналық көмектің бірыңғай пакетіне кезек-кезеңімен көшу басталады:

- * ТМҚКК мен МӘМС-ті нақты ажырату, қызметтердің қайталануын болдырмау
 - * Аурулардың ерте профилактикасының қолжетімділігі
 - * МӘМС мәртебесіне қарамастан барлық азаматтар үшін онкологиялық ауруларды анықтауға арналған скринингтер
 - * Әлеуметтік мәні бар ауруларға күдік туындаған жағдайда тегін зерттеп-қараулар
 - * Ресурстарды қайта бөлу арқылы жүйенің қаржылық тұрақтылығы
 - * Нақты сақтандыру моделіне жақындау
- Қаржыландырудың бір пакеттік моделіне көшу үшін Денсаулық сақтау министрлігі сыртқы сарапшылармен бірлесіп барлық медициналық қызметтер мен олардың құнына ауқымды талдау жүргізді.

Не өзгереді:

Ауруларды ерте анықтау:

Бірыңғай пакет әлеуметтік мәні бар ауруларды ерте диагностикалау бойынша кепілдіктерді кеңейтеді.

Мысалы, онкоскринингтер сақтандыру мәртебесіне қарамастан барлық

қазақстандықтарға қолжетімді болады.

ТМҚКК пакетінде онкоскринингтердің жалпыға бірдей қолжетімділігі обырды ерте сатысында уақтылы тиімді диагностикалауға және емдеуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда ТМҚКК шеңберінде диагностика тек туберкулез және АИТВ инфекциясы бойынша, қалған әлеуметтік мәні бар ауруларды диагностикалау МӘМС шеңберінде жүргізілетінін атап өту маңызды.

Бұл ретте сақтандырылмаған адамдар медициналық қызметтердің базалық пакетіне қол жеткізуді сақтайды, мысалы:

- Емханаларға алғашқы өтініш;
- Вакцинациялау және ерте диагностикаға онкоскринингтер;
- Әлеуметтік мәні бар ауруларға күдік туындаған жағдайда диагностика;
- Жедел медициналық көмек;
- Өмірге қауіп төндіретін жағдайларда пациенттерге шұғыл медициналық көмек;
- Диагностика, емдеу, алдын алу, барлық ӘМА үшін тегін АДҚ;
- Инфекциялық аурулар кезіндегі медициналық көмек;
- Қан препараттарымен қамтамасыз ету;
- Паллиативтік көмек және ауыр пациенттерге ұзақ мерзімді күтім.

МӘМС – СЕНІҢ СЕНІМДІ ҚОРҒАНЫҢ



**ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ
БІР ҚАДАМНАН
БАСТАЛАДЫ, ОЛ - МӘМС**

МӘМС АРҚЫЛЫ СІЗ БЕЙІНДІ МАМАНДАРДЫҢ КЕҢЕСІНЕ, ЗАМАНАУИ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРГЕ (МРТ, КТ, УДЗ), ЗЕРТХАНАЛЫҚ ТАЛДАУЛАРҒА ЖӘНЕ СТАЦИОНАРЛЫҚ КӨМЕККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕСІЗ. САҚТАНДЫРУСЫЗ БҮЛ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚҰНЫ ЖОҒАРЫ. МӘМС ЕМДЕУДІ ҚОЛЖЕТІМДІ ЕТЕДІ

МӘМС – СЕНІҢ СЕНІМДІ ҚОРҒАНЫҢ



**ДЕНСАУЛЫҒЫҢДЫ
САҚТАНДЫРУСЫЗ
ҚАЛДЫРМА**

ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАНДЫРУ – БҮЛ ӨЗ БОЛАШАҒЫҢА ЖАСАЛҒАН БАСТЫ ИНВЕСТИЦИЯ. САҚТАНДЫРЫЛҒАН МӘРТЕБЕ – ӨЗІңДІ ТОЛЫҚ САУ СЕЗІНГЕН КҮННІҢ ӨЗІНДЕ ДЕ КҮН САЙЫН ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ҚОРҒАНЫС

QOLDAU 24/7

1414

SAQTANDYRYBOT

МӘМС – СЕНІҢ СЕНІМДІ ҚОРҒАНЫҢ



**МЕДИЦИНАҒА
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК
МӘМС-ТЕН БАСТАЛАДЫ**

МӘМС АРҚЫЛЫ СІЗ БЕЙІНДІ МАМАНДАРДЫҢ КЕҢЕСІНЕ, ЗАМАНАУИ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРГЕ (МРТ, КТ, УДЗ), ЗЕРТХАНАЛЫҚ ТАЛДАУЛАРҒА ЖӘНЕ СТАЦИОНАРЛЫҚ КӨМЕККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕСІЗ. САҚТАНДЫРУСЫЗ БҮЛ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚҰНЫ ЖОҒАРЫ. МӘМС ЕМДЕУДІ ҚОЛЖЕТІМДІ ЕТЕДІ

QOLDAU 24/7

1414

SAQTANDYRYBOT

МӘМС – СЕНІҢ СЕНІМДІ ҚОРҒАНЫҢ



**ДЕНСАУЛЫҚТЫ
«КЕЙІНГЕ» ҚАЛДЫРМА!**

ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАНДЫРУ – БҮЛ ӨЗ БОЛАШАҒЫҢА ЖАСАЛҒАН БАСТЫ ИНВЕСТИЦИЯ. САҚТАНДЫРЫЛҒАН МӘРТЕБЕ – ӨЗІңДІ ТОЛЫҚ САУ СЕЗІНГЕН КҮННІҢ ӨЗІНДЕ ДЕ КҮН САЙЫН ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ҚОРҒАНЫС

QOLDAU 24/7

1414

SAQTANDYRYBOT

МӘМС – СЕНІҢ СЕНІМДІ ҚОРҒАНЫҢ



**БІР ЖАРНА - ШЕКСІЗ ЕМ
АЛУ МҮМКІНДІГІ**

МӘМС АРҚЫЛЫ СІЗ БЕЙІНДІ МАМАНДАРДЫҢ КЕҢЕСІНЕ, ЗАМАНАУИ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРГЕ (МРТ, КТ, УДЗ), ЗЕРТХАНАЛЫҚ ТАЛДАУЛАРҒА ЖӘНЕ СТАЦИОНАРЛЫҚ КӨМЕККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕСІЗ. САҚТАНДЫРУСЫЗ БҮЛ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚҰНЫ ЖОҒАРЫ. МӘМС ЕМДЕУДІ ҚОЛЖЕТІМДІ ЕТЕДІ

QOLDAU 24/7

1414

SAQTANDYRYBOT

Д. Е САНАТЫНДАҒЫ АДАМДАР МӘМС ШЕҢБЕРІНДЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛАДЫ

Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіндегі бірқатар негізгі жаңалықтарды көздейтін заң қабылданды.

Қабылданған заң шеңберінде 2026 жылы МӘМС жүйесі жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен дағдарысты және шұғыл әл-ауқат деңгейі (Д және Е санаттары) бар 1 миллионға жуық адамды қосымша қамтитын болады.

Бұл табысы төмен ҚР азаматтарының тағы 5%-ы МӘМС есебінен жоспарлы медициналық көмекке қол жеткізе алатынын білдіреді.

Халықтың осы санаттары үшін жарналар осы азаматтардың медициналық көмекке жүгіну фактісі бойынша жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін болады.

Бұдан басқа ЖАО-ның жұмыссыздық деңгейін төмендету және халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін тікелей

жауапкершілігін ескере отырып, ресми тіркелген жұмыссыздар үшін МӘМС жарналарын төлеуге арналған шығыстар да жергілікті бюджеттерге жүктелетін болады.

Бүгінгі таңда 16,9 млн адам (82,6%) сақтандырылған, оның ішінде 11,9 млн адам (59,5%) халықтың жеңілдетілген санаттарына жатады, олар үшін МӘМС жарналарын мемлекет төлейді. Бұл мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігінің жоғары деңгейін көрсетеді.

МӘМС жүйесінен тыс 3,4 млн-ға жуық адам қалады, оның ішінде 2,4 млн-ы жағдайы жақсы және қанағаттанарлық өмір сүру деңгейі бар азаматтар, ал 1 млн-ға жуығы - әлеуметтік әл-ауқаттың дағдарыстық (Д) және шұғыл (Е) деңгейлеріне жататын азаматтар.

2,4 млн. адам еңбекке қабілетті жастағы азаматтар тобындағы

адамдар үшін сақтандыру жүйесіне кіру жеңіл әрі ауыртпалықсыз болып қалады:

Айына 4250 теңге немесе жылына 51 000 теңге.

2027 жылдан бастап Қазақстан барлық тараптардың — мемлекеттің, жұмыс берушілердің және азаматтардың ортақ жауапкершілігінің барынша жоғары дәрежесімен толыққанды сақтандыру моделіне көшуді жоспарлап отыр.

Бұл шаралар «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексте бекітілген ортақ жауапкершілік қағидаттарын іске асыруға және азаматтың әлеуметтік жағдайына қарамастан медициналық көмекке әділ қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Енді ең әлеуметтік осал азаматтар медициналық көмекті кедергісіз ала алады».

**ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ:
САҚТАНДЫРЫЛҒАН АЗАМАТТАР
ҮШІН МӘМС АЯСЫНДА КЕЛЕСІ
ҚЫЗМЕТТЕР ТЕГІН КӨРСЕТІЛЕДІ:**

- АНАЛИЗДЕР
- ДИАГНОСТИКА (УДЗ, КТ, МРТ)
- ДӘРІГЕРЛЕР КЕҢЕСІ
- ЖОСПАРЛЫ ОПЕРАЦИЯЛАР
- ЕМДЕУ
- ОҢАЛТУ ЖӘНЕ Т.Б.

Медициналық көмек алу үшін тұрғылықты жеріңіз бойынша емханаға тіркелу қажет.

QOLDAU 24/7


1414

SAQTANDYRYBOT

**МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕГІ МӘРТЕБЕНІ
КЕЛЕСІ ЖОЛДАРМЕН ТЕКСЕРУГЕ
БОЛАДЫ:**

- TELEGRAM-ДАҒЫ @SAQTANDYRYBOT АРҚЫЛЫ;
- ҚОРДЫ MSQORY.KZ САЙТЫ;
- QOLDAU 24/7 МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА;
- EGOV.KZ САЙТЫ НЕМЕСЕ EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА;
- ТІРКЕЛГЕН ЕМХАНАҒЫЗДА.

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап дағдарыстық (Д) және шұғыл (Е) санаттардағы азаматтар мен ресми тіркелген жұмыссыздар үшін МӘМС жарналарын жергілікті атқарушы органдар төлейді.




3,6 млн сақтандырылмағандардың ішінде **~1 млн** адамның жарна төлеуге мүмкіндігі жоқ. Олар – Отбасының цифрлық картасының* деректері бойынша әлеуметтік жағдайы дағдарыстық және шұғыл деңгейдегі тұрғындар.



*Отбасының цифрлық картасы – мемлекеттік ақпараттық жүйелер деректері негізінде қалыптасатын, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аналитикалық шешімі. Ол отбасыларды (тұлғаларды) әлеуметтік әл-ауқатының деңгейіне қарай бөлуге мүмкіндік береді.

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ
САНЫ – 20,4 МЛН**



Мәртебені алу үшін **соңғы 12 айға төлеген жарналар болуы қажет**. Дербес төлеушілер үшін жарна мөлшері айына **4 250 теңге**, яғни жылына 51 000 теңгені құрайды.



QOLDAU 24/7

1414

SAQTANDYRYBOT

2026 жылдан бастап қант диабеті бар пациенттердің емі мен диспансерлік бақылауы МӘМС жүйесіне енгізіледі. Яғни барлық жоспарлы қабылдаулар, қажетті тексерулер және дәрі-дәрмектер олар үшін қосымша төлемсіз қолжетімді болады.
Ең бастысы – МӘМС жүйесінде сақтандырылған болу.



Қант диабеті – әлемдегі ең кең таралған инфекциялық емес аурулардың бірі. Қазақстанда бұл диагнозбен шамамен **500 мыңға жуық адам** өмір сүреді. Ол талдаулар тапсыру, дәрігерлер кеңесін алу, емді бақылауды қоса алғанда бір реттік емдеуді емес, тұрақты бақылауды талап етеді.

QOLDAU 24/7

1414

SAQTANDYRYBOT